8 Наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 8 (1063)

04.03.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ

АРУЛАР-АЙ, КҮН КЕЛБЕТТІ, АЙ МҮСІН

Үш ай тоқсан қыс та босағадан жылыстады. Аязымен бүркеп, ақ ұлпасы аппақ сүттей ұйып, айналаны көмкеріп жататын кәрі қыс биыл қытымырлығын көрсетпеді. Жылы қабақ танытты. Тек қана қаңтардағы қанды қырғын жүректерді сыздатып, жанарлардан жас парлатып, ауыр мұңға салған мезгіл адам баласының жан-дүниесін мұздатты. Күн жаманы кетті. Күннің көзі жылынды.

Көктемнің жұпар исі аңқиды. Айналаға төгілген күн нұры тіршіліктің күре тамырына нәр беріп, балауса көктемінің балғын жүзі жадырады. Ой-хой, уыз-көктем көрімдігін ала келген. Мың бұралған арудай буындары майысып, күміс күлкісі күллі әлемді өзіне қаратқан Халықаралық әйелдер мерекесімен ұштасты. Мұзбалақ, Мұқағали Мақатаевтың үнімен айтсақ:

Әйелдер-ай!
Әйелдер!
Қандайсың?!
Әдемі боп кетіпсің ғой әрқайсың.
Біреу жеріп тұрса-дағы қалмайсың,
Біреу сүйіп тұрса-дағы бармайсың.
Әйелдер-ай!
Әйәйлар-ай, қандайсың?!
Әйелдер-ай!
Әйәйлар-ай, қулар-ай,
Жанарлардың жауын алып
тұрғаны-ай!
Біле тұра бүйректерің бүлк етіп,
Кетесіңдер тыңдай тұра, тыңдамай.
Әйелдер-ай!
Әйәйлар-ай, қулар-ай!
Әйелдерді еркектерден көп дейді.
Ойбай,
Ойбай!..
Бола берсін көп, мейлі!
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Әдемілік бізге көптік етпейді – дегендей, жұпары бұрқырап, жанарларды өздеріне қаратқан, жылылығын жүректерден таратқан, сүйгізген де күйдірткен, сұлулармен бақытты әр шаңырақ үй біткен! Махаббаттың мұзасы да сендерсіңдер аққулар. Арулар деп арқаланып, сұлулар деп сұқтанып жыр жазбаған ақын жоқ. Ақтангер ақын Қадыр Мырза-Әлиде:

Махаббатқа мың өртеніп, мың күйіп,
Мөлдір көзге алғандай бір мұң құйып.
Көз дейміз-ау, көз емес ол,
Талайды
Тереңіне тартып жатқан тұңғиық.

О! – дегеннен басқа қолдан не келер!
Ол қараса, орныңа шегелер.
Кірпіктері – күн нұрынан суырып,
Қою түнге малып алған жебелер.

О, бозбала алынбаған мұрты әлі!
Оны көрсең, жығыласың бір талып.
Батырларды матап-байлап
тастауға,
Жетіп жатыр қара шаштың
бір талы.

Ғашық болсаң әрі суып, әрі ысып,
Жаттым дей бер ертелі-кеш
дәрі ішіп.
Қыпша белге жетпейді ғой,
жетсе бір,
Құмар құшақ қалар еді қарысып.

О, жігітім! Босамашы, босама!
Жалынғанмен жүрегін тоса ма!
Анар емес – кеудедегі екі анар –
Бекжандар бұғып жатқан Қособа!

Қайран сұлу күн келбетті Ай мүсін!
Көзін сүзбей қалады оған қай кісі?!
Бір адамның, бір адамның
бақыты ол,
Мың адамның, мың адамның қайғысы
– демей ме «Махаббатқа мың өртеніп мың күйіп» деген жырында.

Мұқағали мен Қадырдан асырып мен не айтайын ардақты арулар. Жұмақ та сендердің табандарыңның астында. Науат-Наурызда келген төл мерекелерің құтты болсын! Көктемдей құлпырып, еркек атаулының назарынан тыс қалмай, айқабақ қастарың керіліп, мөлдір көздеріңмен тіршілік атаулыны мейірімге бөлеп, алма жүздерің ажарлы, орталарың базарлы, ақтауларың қазанды, ақжаулықтарың кірлемей, бақыттарың баянды болсын!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТУРИЗМ

АЛАКӨЛГЕ ЕНДІ «ТАЛЬГОМЕН» БАРУҒА БОЛАДЫ

АЛДАҒЫ ТУРИСТІК МАУСЫМДА АЛАКӨЛ БАҒЫТЫНА «ТАЛЬГО» ЖҮРДЕК ПОЙЫЗЫ ЖҮРЕДІ. «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫ МЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ ОСЫНДАЙ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

Сонымен бірге көл жағалауына жолаушы тасымалдайтын барлық пойыздың жайлы болуына, сапалық деңгейін арттыруға назар аударылады. Мәселен, «Жолаушы тасымалы» АҚ-ның барлық вагоны желдетудің заманауи жаңа жүйесімен қамтамасыз етілмек. Бұл туралы «Алатау» газеті Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлайды.

Талдықорғандағы кездесуде Қанат Бозымбаев пен Нұрлан Сауранбаев инфрақұрылым мен транзиттік әлеуетті дамыту мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдың және Алматы темір жол торабын айналып өтетін Жетіген – Қазыбек бек айналма желісінің құрылысын жүргізу мәселелері де сөз болды. Инфрақұрылым жобалары «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасына енгізілген.

Учаскелердің өткізу қабілетін арттырумен қатар жобалар мультипликативті нәтиже береді, сондай-ақ Алматы облысының экономикасына да оң ықпал етеді. Құрылыс барысында өңірдегі өндірушілердің құрылыс материалдарын пайдаланып, жергілікті мамандарды тарту жоспарланған. Жалпы 3500 адамға жұмыс берілмек.

Кездесуге қатысушылар Алакөл көліне жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыруға ерекше назар аударды. Індет жағдайына қарамастан 2019-2021 жылдар аралығында курорттық аймақтарға барған жолаушылар легі 264 пайызға артқан. Өткен жылғы 11 жазғы маршрутты (8 – «Жолаушылар тасымалы» АҚ, 3 – жеке тасымалдаушылар) сақтай отырып, 240 мыңдай жолаушы тасымалдау жоспарланған. Бұл ретте ұсынылған орындардың жалпы саны 340 мыңнан асады. Сондай-ақ бұл бағытқа «Тальго» жүрдек пойызын шығарып, күнара жүргізу жоспарланып отыр. Жолаушыларға жайлы, билет бағасы қолжетімді вагондар жүргізу үшін облыс әкімдігі тарапынан субсидиялау мәселесін шешу қажет.

Вагондарда кондиционер мен ыстық су жоқ, басқа да жағдайлар жасалмаған деген жолаушылардың шағымдарына байланысты облыс әкімі Қанат Бозымбаев «Қазақстан темір жолы» АҚ өкілдерімен бірлесіп жеке тасымалдаушы компаниялардың вагондарын аттестациялауды ұсынды. Енді әрбір тасымалдаушы пойыздарының жайлы болуына назар аударуы тиіс. Бұл ретте сұранысқа сәйкес купе типті вагондар саны ұлғайтылады. «ҚТЖ» күшімен Ақши, Көктұма, Жалаңашкөл стансылары ретке келтірілді, жолаушылар платформасы ұзартылды, қорғаныс қалқандары орнатылды.

Жиында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Достық стансысындағы корпоративтік тұрғын үйлерін жекеменшікке беру және инфрақұрылымын жергілікті атқарушы органның балансына өткізу туралы мәселе де қозғалды. Бұл ретте жергілікті әкімдік тиісті көмек көрсетеді.

Көтерілген мәселелер кездесу соңында Алматы облысы әкімдігі мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандуммен бекітілді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ салтанатты шара

Алғыс айту күніне орай І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Шын жүректен» деп аталатын салтанатты шара өтті.

Концерттік бағдарлама университет пен «Айналайын» балалар үйі арасындағы әлеуметтік-іскерлік қарым-қатынасқа 7 жыл толуына орай өткізілді. Биыл оқу ордасына 50 жыл, қара шаңырақ – студенттерге білім беріп қана қоймай, әрбір жанның жүрегіне ізгілік пен мейірім нұрын сеуіп келеді.

Жеті жыл ішінде есте қалар естеліктер көп болды. Атап айтсақ, балалар үйінің 26 түлегі осы білім ордасына оқуға түсті, жастарымыздың кезекті құттықтау шарасында университет түлегі Ерасыл мен «Айналайын» үйінің тәрбиеленушісі Дарханның ағалы-інілі екендігін білдік. Осы сахна бауырлардың қауышуына куә. Жетісу университетінде оқитын бес мыңдай ақ жүрек білімгерлер айналайынның бүлдіршіндеріне қамқор аға-әпке бола білді десек қателеспейміз.

Әдемі ән мен сазды әуен жүдырықтай ғана жүректерді шаттыққа бөлесе, сиқыршының таңғажайып өнері көрерменді тәнті етті. Ал шат-шадыман жайдармандшылар балақайлардың дидарына күлкі мен қуаныш ұялатқаны хақ.

Шара барысында университет «Айналайын» балалар үйіне бірнеше ірі тұрмыстық техника (Тоңазытқыш, теледидар, қысқа толқынды пеш) тарту етті, сонымен қатар қаңтар, ақпан, наурыз айында дүние есігін ашқан балаларға арнайы сыйлықтар табыстады.

«Харакет» қайырымдылық қорының мұрындық болуымен тағы бір отбасы баспаналы болды. Кілтті жаңа үй иесіне – университет ректоры Қуат Маратұлы мен «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Қарагөз Құсайынова табыс етті. Елу жылда ел жаңа деп бекер айтылмаса керек. Оқу орны әлі талай мәрт, адамгершілігі мол азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеп шығарына сенім мол.

Алтынай МАХИМОВА,
Медиаорталық тілшісі.

БРИФИНГ АЯСЫНДА

Алматы облысында қазіргі уақытта 43 елді мекенде су тасқыны қаупі жоғары. Бұл туралы «Jetisy' Media» ақпараттық алаңында өткен брифинг барысында белгілі болды.

40-ТАН АСТАМ ЕЛДІ МЕКЕН

су тасқыны қаупі бар учаскелерде орналасқан

Облыс бойынша қардың ең жоғары қалыңдығы 55 см-ге дейін Алакөл, Кербұлақ, Райымбек және Кеген аудандарында, ал қалған аумақтарда орта есеппен 5-15 см-ге дейін байқалады.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, сондай-ақ азаматтық қорғау қызметтерінің басқару органдарын, күштері мен құралдарын көктемгі кезеңге дайындау мақсатында 3-4 наурыз аралығында облыс аумағында «Көктем-2022» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізу жоспарланған.

Алматы облысы ТЖД бастығының орынбасары Игорь Жуковтың айтуынша, практикалық шара аясында барлық жерде су тасқынына қарсы іс-шаралар, соның ішінде арықтарды, каналдарды, су өткізу құрылыстарын, көпірлерді тазалау және дайындау жұмыстары ұйымдастырылған. Сонымен қатар, су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша халық арасында алдын алу жұмыстары ұйымдастырылды, бүгінгі күні 7 мыңнан астам адамды қамтитын 146 жиын өткізілді және 3 мыңға жуық жадынама табыс етілді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТӘРБИЕ КӨЗІ

КІТАПХАНАДАҒЫ ШАРА

1 наурыз елімізде жалпыхалықтық мереке – Алғыс айту күні. Бұл мерекені орталық балалар кітапханасының қызметкерлері оқырмандарымен бірге атап өтті. Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту мақсатында кітапхана қызметкерлері А. Островский атындағы №8 орта мектептің 5 сынып оқушыларымен «Алғысымыз шексіз» атты тәрбие сағатын ұйымдастырды.

Тәрбие сағаты оқушыларға осы мерекенің шығу тарихы туралы көптеген жаңа және қызықты мағлұматтармен танысудан басталып, «Алғыс айту күні» атты бейнеролик көрсетілді. Сондай-ақ, балаларға «Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер? Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді? Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер? Ризашылық дегеніміз не?» секілді қызықты сұрақтар қойылды. Шараға келген қонақтар «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ұйымдастырылған кітап көрмесімен танысты. Шара соңы «Талдықорған әуендері» халықтық, фольклорлы-этнографиялық ән-би ансамблінің әншілерінің орындауындағы әсем әнмен жалғасты.

Т. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МОШЕННИЧЕСТВО

ВЫМОГАЮТ ДЕНЬГИ, ПРИКРЫВАЯСЬ СОТРУДНИКАМИ

У талдыкорганских предпринимателей вымогают деньги, прикрываясь сотрудниками противопожарных служб

Мошенники посещают объекты бизнеса и принуждают предпринимателей оплачивать услуги по обеспечению пожарной безопасности. Об этом в ходе онлайн встречи с бизнесом в Талдыкоргане озвучил заместитель директор по правовым вопросам Палаты предпринимателей Алматинской области Думан Керимбаев. Он также обратил внимание предпринимателей на тот факт, что к ежегодным проверкам в области пожарной безопасности подвергаются только объекты, отнесенные к высокой степени риска.

«Проверки по пожарной безопасности проводятся согласно графика и заранее уведомляют объекты. Иные действия сотрудников являются незаконными и об этом необходимо сообщать в органы прокуратуры или в палату предпринимателей. Поскольку каждый год от предпринимателей поступают сигналы о необоснованных проверках со стороны сотрудников Управления по чрезвычайным ситуациям, а также о действиях мошенников, которые посещают объекты и принуждают предпринимателей подписывать договора и оплачивать услуги по обеспечению пожарной безопасности, в противном случае грозятся выписать огромные штрафы», – подчеркнул Думан Керимбаев.

В ходе онлайн-встречи с предпринимателями в региональной палате главный специалист Управления по чрезвычайным ситуациям по городу Талдыкорган Куаныш Рахатов рассказал, что прошлом году на 191 объектах проведены пожарно-технические обследования. Выявлены 1000 нарушений требований правил пожарной безопасности и на 16 объектах нарушений требований правил пожарной безопасности не выявлены.

«По результатам проверок, в которых выявлены нарушения правил пожарной безопасности управлением внесены соответствующие предписания с конкретными сроками по устранению выявленных нарушений правил пожарной безопасности. Вместе с тем, 103 лиц (должностных и юридических) привлечены к административной ответственности. Из привлеченных к административной ответственности в отношении 73 лиц применена мера взыскания в виде предупреждения, в отношении 30 лиц применена мера взыскания в виде штрафа на сумму 1 млн 837 тысячи 710 тенге», – рассказал Куаныш Рахатов.

По словам представителя УЧС, согласно планам проверок, проверяются только объекты высокой степени риска (объекты с массовым пребыванием людей, больницы, школы, садики, ТД, рынки и т.д.). Не включаются в план проверок субъекты малого предпринимательства с регистрации, которых не прошло три года, объекты, которые имеют положительное заключение аудита, а также объекты, на которых в текущем году нарушений не выявлено.

«Проверке подлежат только те требования, которые установлены в проверочных листах проверяемого органа. Генеральная прокуратура размещает полугодовой сводный график проведения проверок на своем официальном интернет-ресурсе в срок до 25 декабря текущего календарного года и до 25 мая текущего календарного года. Органы контроля и надзора в обязательном порядке извещают в письменном виде проверяемый субъект о начале проведения проверки по особому порядку не менее чем за 30 календарных дней до начала самой проверки с указанием сроков и предмета проведения проверки. При проведении внеплановой проверки госорган обязан известить проверяемый субъект о начале проведения внеплановой проверки не менее чем за сутки», – сообщил Куаныш Рахатов.

Кроме того, добросовестных предпринимателей, получивших положительное заключение аккредитованной организации на проведение независимой оценки риска, освобождают от проверок на период действия заключения (за исключение внеплановых проверок) и от следующей проверки в особом порядке, планируемой в соответствии с установленной периодичностью в случае отсутствия нарушений требований пожарной безопасности.

Вместе с тем, сокращены разрешительные процедуры для предпринимателей. Сейчас управлением ЧС проводится аттестация негосударственной противопожарной службы и аккредитация экспертных организаций по аудиту в области пожарной безопасности.

В случае если на Ваш объект прибыли сотрудники для проведения проверки, необходимо удостовериться о законности проверки следующим образом:

1) Сотрудник обязан представиться и предоставить для визуального осмотра служебное удостоверение.

2) Предоставить Вам для ознакомления акт о назначении проверки зарегистрированного в органах прокураты.

3) Обратить внимание имеется ли фамилия, имя, отчество проверяющего в акте о назначении проверки, соответствуют ли сроки проверки, адрес объекта и предмет назначения проверки.

Ш. ХАМИТОВ.

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ЗАЯВИЛ, ЧТО ПРЕДСТАВИТ ПАКЕТ НОВЫХ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕФОРМ В СЕРЕДИНЕ МАРТА, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ. НОВЫЙ ПАКЕТ РЕФОРМ ТОКАЕВ ПРЕДСТАВИТ 16 МАРТА.

ПРЕДСТАВИТ ПАКЕТ НОВЫХ РЕФОРМ 16 МАРТА

«Мы видим, что наше общество вступило в период активной трансформации, происходит кристаллизация новых ценностей, более разнообразной становится палитра взглядов и воззрений. Поэтому широкий запрос граждан на изменения и реформы в стране — новые задачи, стоящие перед государством. Глобальные и региональные вызовы требуют срочного и системного обновления партии. Времени на раскачку нет», — заявил президент.

Отметим, также Токаев сегодня высказался о ситуации вокруг Украины и России — он призвал страны к нахождению общего языка.

МИНЭНЕРГО

ОСТАНОВЛЕНЫ 13 МАЙНИНГОВЫХ ФЕРМ

Накануне сотрудники департаментов Комитета атомного и энергетического надзора и контроля с участием полиции и других заинтересованных госорганов провели рейды, в ходе которых обнаружили ряд майнинговых ферм, передает NUR.KZ со ссылкой на пресс-службу Минэнерго РК.

За 5 дней проверок мобильные группы нашли и остановили 13 майнинговых ферм с суммарной потребляемой мощностью в 202 МВт. Так, общая мощность ферм найденных майнинговых ферм составила: в Карагандинской области — 31,3 МВт; в Павлодарской области — 22 МВт; в Туркестанской области — 3,28 МВт; в Акмолинской области — 1,03 МВт; в Костанайской области — 0,82 МВт; в Нур-Султане — 1,8 МВт; в Алматы — 3,5 МВт; в Шымкенте — 4 МВт.

Также были введены самоограничения в Западно-Казахстанской области, где объекты цифрового майнинга имеют общую мощность в 91 МВт, а также в Карагандинской области — 44 МВт. Работа мобильной группы по выявлению и отключению майнинговых ферм от электросетей продолжается. По выявленным фермам уполномоченные органы проводят расследование.

Напомним, что сегодня крупную незаконную майнинговую ферму выявили в Нур-Султане. Накануне еще одну такую ферму нашли в Алматы. 15 февраля еще одна ферма была обнаружена в Караганде.

Также несколько дней назад сообщалось о том, что все незаконные майнинговые фермы в Казахстане будут закрывать. Кроме того, недавно предлагалось повысить налог на майнинг в РК в 10 раз.

АКЦИЯ

МАРШ МИРА ОРГАНИЗОВАЛА МОЛОДЕЖЬ В АЛМАТЫ

Порядка 80 молодых жителей Алматы вышли на шествие за мир от парка имени М. Горького до парка 28 панфиловцев, сообщает BaigeNews.kz.



Напомним, что ранее в социальных сетях алматинцев призывали выйти с плакатами и лозунгами «За мир!». На призыв откликнулась молодежь Алматы. Ребята с плакатами «За мирный Казахстан», «Казахстан — территория мира» и «Наша сила в единстве» прошли по центральным улицам Алматы, исполнив гимн страны и речовки, а в конце шествия возложили цветы к памятнику воинам-панфиловцам.

На мирный марш алматинцев призвал председатель СМГ «ЕЛ НАМЫСЫ», общественный деятель Рафаэль Гасанов.

«Народ, я слышал, что сегодня пройдет шествие за мир в Алматы. Кто за мир во всем мире и хорошее будущее Казахстана, выходим все поддержать, тем более на улице отличная погода! Давайте все вместе поддержим! Напишем лозунги и выйдем с плакатами, флагами, чтобы все видели наше желание жить в мире!» — написал Гасанов.

Основная цель участников акции не просто выразить свою общественную позицию, а обратить внимание на жизненную важность сохранения мира и солидарности. А это зависит от каждого в отдельности. Организаторы отметили, что эту истину доказала «трагедия января», когда каждый буквально на себе пережив ужасы хаоса и поняв непреходящую ценность мирной жизни, объединились вокруг Президента.

Именно поэтому участники мероприятия решили заявить об этом и напомнить всему миру значение самого мира, единства и согласия.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАЗАҚ «АТАН ТҮЙЕ ОЙНАСА, ЖҰТ БОЛАДЫ» ДЕЙДІ. БҮГІНДЕ СОЛ АТАН ТҮЙЕЛЕРДЕН ШЫҚПАҒАН СҰМДЫҚ ШЫҒЫП ЖҮР. СӨЙТЕ ТҰРА ЖАСТАРДЫ КІНӘЛАЙМЫЗ ҒОЙ. «ЖАСТАР БҰЗЫЛДЫ, ӘДЕП-ҒҰРЫПТЫ ҰМЫТТЫ, ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАМАЙДЫ, БЕТІМЕН КЕТТІ» ДЕЙМІЗ. СОЛ ЖАСТАРҒА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ КӨРСЕТЕТІН ҮЛКЕНДЕРДІҢ ӨЗІ КАРТА ОЙНАП, СТАҚАН СЫҢҒЫРЛАТЫП ЖҮРСЕ, ЫРЫМ-ЖОРАЛҒЫНЫ БҰРМАЛАСА ОНЫ КӨРГЕН ЖАСТАР НЕ ІСТЕМЕЙДІ. ҚОЙШЫ КАРТАДА ТҰРҒАН НЕ БАР, ЖӘЙ ОЙНАП ЕРМЕК ҚЫЛҒАН ШЫҒАР ДЕРСІҢ. БІРАҚ, АҚША ТІГІП ОЙНАЙДЫ. КӨЛ-КӨСІР ДАСТАРХАНДЫ ЖАЙЫП ТАСТАП ОРЫСТЫҢ ХАРАМ СУЫН ІШКЕН КӘРІЛЕР ОЙНАҚТАСА «ЖҰТ» БОЛМАҒАНДА НЕ БОЛАДЫ?

ҚҰМАР ОЙНАҒАН КЕМПІРЛЕР, БҰРМАЛАНҒАН ЫРЫМДАР

Ғаламтор деген иттің қаппайтыны, таратпайтыны жоқ екен. Ойнақтаған кәрілердің де обал-сауабы өздеріне болсын. Құмар ойнап отырып оны ғаламторға жүктеп несі бар десеңші. Қайбір жылдары Қызылорда облысындағы әжелердің де карта ойнап, ащы суды кесемен ішіп отырған бейнесюжетін көріп ой сұмдық-ай, «Шаншар» театрындағы Жүсіптің «біреу кесесімен, біреу шешесімен ішеді» дегені осы екен ғой дескенбіз. Әсілі, жастарды қателігін жастықпен жасады алды-артын болжамайтын, оттай лаулап тұрған шағы ғой деп кешіріммен қараймыз. Ал, асарын асап, жасарын жасағандар қателессе қайтпекпіз. Жын-пері түртті дейміз бе? Шайтанның азғыруына арбалатындай ардагерлерге не болып жүр өзі?! Құмар ойынға құмартқандар кімдер деп таңғалмаңыз. Кәдімгі үйде отырған әжелер Батыс өңірінен болып шықты. Әлеуметтік желідегі бейнесюжетті қарасаңыз, аста-төк дастарханда жағалай түрегеп тұрған әжелеріміз стақан түйістіріп, одан қалса отырып алып ақша шықырлатып картаға бәс тігіп, құрақ көрпенің үстіне жайып тастап ойнап отыр. Оны бейнеге түсіріп әлеуметтік желіге салған жігіт Батыс Қазақстан облысына қонаққа барғандарын айтып, ақша тігіп, карта ойнаған әжелер туралы былай дейді. Әр елдің салты

басқа дейді ғой, біз жақта картаны аталар ойнап, апалар әңгіме-дүкен құрады. Бұл жақта әйелдер ойнап, аталар сырласады екен деп жәһаннамға жар салды. Зер салып қараған адамға іш пысқаннан ойнап жатпағаны тайға таңба басқандай көрініп тұр. Бәс тіккен карта іш пысқанның ойыны емес. Бұл кәрілерге жарасып та тұрған жоқ. Тек қонаққа барғанда ғана ойнайтын ойынға да ұқсамайды. Әдетке айналған құмарлық ойын. Жалпы әйел адамдардың «қара касса» деген ойындары бар. Бұл құмар ойыннан мүлде бөлек. Онда ақша тікпейді, бірақ жинайды. Әр ай сайын бастарын қосып дастархан жайып, кезекпен бір-біріне үлестіріп жатады. Ал ақша тігіп, карта ойнаған үлкен кісілерге тым ерсі көрінеді екен. Бейнесюжетті талқылаған оқырмандардың пікіріне қарағанда бұл ойын Батыс өңірінде үрдіске айналғанға ұқсайды. «Атан түйе ойнаса жұт болды» деген тәмсілді бекерден-бекер тұздыққа алмадық. Көрмеген сұмдықты, қисынға келмейтін ырым-жоралғыны осы үлкендерден көретін болдық. Бесікке бөленген сәбидің бетінің ашық жатқанына қарамай, оған екі аяғын асып мініп алған әжей ойнақтап жүр. Көрген көзге үлкен адамның бұл қылығы әдепсіз көрінеді. Айналасындағылар қарқылдап күліп, таң-тамаша болуда. Біреуі тұрып бұл әйел адамға және үлкен кісіге тән қылық емес екенін айтпайды. «Өзіміз диуанамыз, кімге пір болғандаймыз» деп оның іс-әрекетін құптағандары шығар. «Әсілі, қазақта мұндай ырым болған. Бірақ дәл мынадай ерсі болмаған» дейді этнографияға байланысты отыз жылдан бері мақала жазып жүрген журналист, дәстүр туралы журналдың қызметкері Сәния Әбдікәрімова.

«Бұл салтты баланың туған-туысына алғаш сәлем беруі деп атауға болады. Бұрын бала туғанда бесігіне құрметті, сыйлы жеті адамның сырт киімін жабатын. Яғни, сондай адам болсын деп ырымдайды. Сосын әжесі болсын немесе басқа сыйлы әйел адам бесікке мінген адамның ырымын жасап яғни, мына бейнесюжеттегідей ашық бесікке мініп алмай, алдымен нағашы жұртына сәлем бергізеді», – дейді этнограф.

Яғни, этнограф, журналистің айтуынша, бесікті қолына ұстаған адам әр тараптың алдына барып, бұл сенің нағашыларың деп таныстырып, ол жаққа рахмет айтады. Бесік салуға жиналған әрбір туған-туысын солай таныстырып шығады. Мына жердегідей ерсі қылық танытып күлмейді. Бұны жасаған кісілер дәстүрдің түпкі мақсатын түсінбегендер дейді. Дәстүрді дәріптейміз деп даңғазаға айналдырып жібергендер «Бояушы, бояушы десе, сақалын бояпты» дегеннің керін жасады. Үлкен адам үлкендігін танытып көргенін, көкірегіне түйгенін кейінгіге өсиет қылып жатса игі. Ал жоғарыда атап өткен атан түйелер ұрпаққа қандай үлгі-өнеге көрсетіп жүр. Біздің мақсат үлкендердің жолын кесу емес. «Үлкеннің жолын кеспе, көрінбей қаласың, кішінің жолын кеспе, көмусіз қаласың» деген аталы сөзді жадымызға тұмардай түйіп өскенбіз. Ер, әйел деп бөлмей-ақ қоялық. Ақ самайлы, ақ сақалды қариялар әдептен жаңылмасын деп тілеу тілеп жүргеніміз де жасырын емес. Алайда үлкендердің бойынан әдептілік емес жағыну, жалпақтау, екіжүзділікті көп көреміз. Енді келіп құмар ойнағандар, салт-дәстүрдің түп мақсатын жете түсінбей өзі де сайқымазаққа айналған әжейден көргендерін кейінгі жастар жасап, ол әдетке айналып кетсе кімге күлкі, кімге түрпі. Өйткені, жаман әдет – вирус сияқты тез жұғады. Оны емдеп жазу мүмкін емес. Онсыз да елімізде идеологиялық ахуал қауіпті қалыпта.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, қыз ұзатып, келін алғандардан да, ас бергендерден де небір асыра сілтеулерді көріп, көзіміз шарасынан шығатын болды. Құда мен құдағиды жерге төселген кілемге құшақтастырып көрпемен орап, бет сүйістіргенін әлеуметтік желіден тағы көрдік. Бұл ешқандай дәстүрге жатпайды. Солтүстік аймақта құдағиды кілеммен лақтыру дәстүрін көріп, «Қазақ ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген рас екен-ау дескенбіз. Желіде қызу талқыға түскен пікірталаста бір оқырман: *«Құда-құдағи бір көрпеде тең қартайсын деп, көрпеде аунатады. Ақ кілемге орап аунату жақсы үрдіс, жақсы мағына. Оң жағына аунат деп жатыр байқасаңыздар. оң деген сөздің қазақта мағынасы терең ғой»*, – деп пәлсапа айтады.

Ойбай-ау, құда мен құдағи бір көрпеде тең қартайсын дейтіндей олар некелесіп жатыр ма? Керісінше екі жас өсіп-өніп, бір жастықта қартайсын деп ізгі тілек айтпай ма? Құда мен құдағидың құдай қосқан серіктері бола тұра, бір көрпеде қартайсын деп, өмірлік қосақтарынан ажыратып жібере ме? Бұл сөз жас қосылған ерлі-зайыптыларға айтылмайды ма? Болары болып, бояуы сіңіп, ұлын өсіріп ұяға, қызын өсіріп қияға қондырған ата-ананы бір көрпеде қартайсын деп, үйленіп жатқан баласымен бажа жасайын деп жүргендердің салты санатта жоқ. Мұндай салтты, ырымды өз басым еш жерден оқыған емеспін. Ақ киізге отырғызып ханды көтерген дәстүріміз бар. Ойдан орып, қырдан қырып жаңалық ашып жүргендер ырым мен тыйымды жетік білмесе, өздерін де, кейінгі толқындарды да адастырмаулары керек. Карта ойнауда ешқандай ырымға жатпайды. Мұның күнәсі ауыр. Құмар ойындары туралы шариғатта: «Бал ашқандар, құмар ойнағандар бұл шайтанның әрекеті» делінген. Демек, біздің ақша тігіп карта, автомат ойын ойнап жүрген әжелеріміз шайтанмен жолдас болып жүр демеске ләжіміз жоқ. Ойнап қана қоймай, стақандарын ішімдікке толтырып харам сумен ауыздарын былғап жүр.

Бізде тоғызқұмалақ ойыны бар. Егер әже-аталарымыз іші пысып, еш қарекет таппай жүрсе неге тоғызқұмалақ ойнамасқа?! Мұны көрген бала-шаға да үлкеннен көргенін жасамай ма. Ақшасы қалтасына сыймай асып-тасып, шалқып жүргендер Қапшағай, Бурабайдағы одан қалса, көрші Бішкектегі ойынханаларға барып ойнақтап жүр емес пе? Қаншама жастар осы құмар ойынына салынып отбасын ойрандап, барынан айырылып, қарызға белшеден батып жүргені де жасырын емес. Өнер жұлдыздарының біразы осы құмар ойынының құрбаны болып, артынан өкініп кітап жазғандары да бар. Тіпті, айтыскерлер арасында осы құмар ойыннан әлі толық арыла алмай жүрген ақындарды білем. Бұл жәй көңіл көтеру үшін, зеріккенде болар-болмас ақша тігіп ойнаймыз онда тұрған не бар дегендер бала-шағаларына, келін-кепшіктеріне қандай өнеге көрсетіп жүргендерін білмейді емес, біледі. Бірақ соның түбіне зер салмай жүр. Құмар ойын демекші, кеудесіне «Алтын алқа» төсбелгісін таққан әженің автомат ойынына ақша салып, жан-тәнімен беріліп ойнап жатқанын тағы да ғаламтор желісі көрсетті. Тіпті, артынан келген баланың «сіз ұттыңыз» деген сөзіне мән беріп бұрылып қарамайды да... «Қарасам ұтылып қаламын, әрі кетші» дейді. Құмар ойнаған кәрілер, ырым-жоралғыны бұрмалаған құда-құдағилар, бесікке мініп алып ойнақтаған әженің бейнесюжеттері желіге тарап, талқыға түскеннен кейін ойланды ма, ол жағы бізге беймәлім. Әйтеуір карта ойнағандардың бейнесі ғаламтордан өшіріліпті. Әсілі, үлкендер үлкендігінен жаңылмаса, кішілер кішілігін жоғалтпаса игі еді. Өйткені «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба солай жүреді» деген тәмсіл бар. Бұл сөздің тәрбиелік мәні зор. Қарттарымыз аман сау жүрсін!

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

«НҰР ОТАННЫҢ» тоңын теріс киген «АМАНАТ»

1999 ЖЫЛЫ «ОТАН» ҚҰРЫЛЫП, 2006 ЖЫЛЫ «НҰР» ДЕГЕН АТАУ ЖАЛҒАНЫП, «НҰР ОТАНҒА» АЙНАЛҒАН БИЛІК ПАРТИЯСЫ 23 ЖЫЛ ҒҰМЫР СҮРДІ ДЕП АЙТУҒА ӘЛІ ЕРТЕ СИЯҚТЫ. ӨЙТКЕНІ КӨПШІЛІК ҮШІН ӘЗІРГЕ ОНЫҢ АТАУЫ ҒАНА ӨЗГЕРДІ. КЕЗІНДЕ ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖЕКЕ БАСЫНА ТАБЫНУ МАҚСАТЫНДА «СІЗДЕН АСҚАН КӨРЕГЕН КӨСЕМ ДЕ, ШЕШЕН ДЕ ЖОҚ» ДЕП ЖАҒЫНҒАН ЖАҒЫМПАЗДАР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЕСІМІНІҢ БАСТАПҚЫ ҮШ ӘРІПІН АЛЫП «ОТАН» ПАРТИЯСЫН НҰРҒА АЙНАЛДЫРЫП ЖІБЕРГЕН ЕДІ. БІРАҚ НҰРЛАНЫП КЕТКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫ КӨРМЕДІК.

Елімізде Менделеев кестесіндегі қазба байлықтың барлық түрі бола тұра, мемлекет жемқорлықтың шылауында қалды. Өркендеген өндіріс орындары некен саяқ. Бар шикізатты сатып күнелткен Қазақстанда әлеуметтік жағдай ушықты. Оны қанды қаңтардағы қырғыннан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеп, мемлекеттің бар байлығы 162 олигархтың қолында кеткенін ашық айтты. Бұл – экономикалық ахуал. Әлеуметтік саланың жақсаруы экономиканың дамуынсыз еш мүмкін емес. 23 жыл биліктің бағдарламасын жүзеге асырып келген «Нұр Отан» партиясына иық тірестіріп, теңесетін партия болмады. Болмады емес, болдырмады. Алтынбек Сәрсенбаев пен Әлихан Бәйменовтер бастаған қалың бұқара қостаған «Ақжол» партиясын билік аралырына іріткі салып, екіге бөліп жіберді. Демократияны аңсағандарды қуғын-сүргінге салды. Ғалымжан Жақиянов пен Мұхтар Әбілязов және Мұхтар Жәкішевтер құрған «ДВК» партиясы жөргегінде тұншықты. Бүгінде Еуропада жатып алып, халықты «көшеге шығыңдар» деп айтақтап жүрген Мұхтар Әбілязов та заманында жемқорлықтың жолбарысына айналған. Серікболсын Әбділдин құрған компартия да талқандалып, Владислав Косарев бастаған бір бөлігі Парламент мәжілісінен орын алып, билікке жағынып қалт-құлт етіп, ақыры атауын ауыстырып үлгерді. Шынын айтқанда «Нұр Отан» өзге партиялардан оқшауланып, жылы-жұмсақты кертіп жеп келді. Зәулім ғимараттарда отырды. Қандай сайлау болса да «Нұр Отанның» алдына түсетін, тіпті қуйысқан тістесіп қатар келетін партия болмады. Парламент және жергілікті мәслихат сайлауларында басым дауысты «Нұр Отан» олжалап, қалғандары шөміштен қалған қаспаққа қанағат етті. Бұл ащы да болса шындық, ақиқат. Оның құрамына мемлекеттік қызметкерлерден бастап, білім, денсаулық, мәдениет ошақтарының әрі ірі кәсіпорындардың өкілдері мен жұмысшылары мүшелікке тартылды. «Жұмыстан айырылып қаламыз ба» дегендер үнсіз бас шұлғып, билік партиясының айдауына көніп, жарнасын күні бүгінге дейін төлеп келді. «Мың жыл тұрған құмыра құмға түссе де қирайды» дегендей, Елбасының дәуірі таусылып, қаңтардағы көтерілiске ұласып, «Нұр Отан» партиясының құрамында болған Отанын сатқан опасыздардың кесірінен Мемлекеттігін жоғалтып ала жаздаған қазақ елі бір Құдайдың, сонан соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың табандылығының арқасында аман қалып, бейбіт өмірге қайта оралды. Билік тізгіні қолына толық тиген соң «Жаңа Қазақстан» құру жолында саяси реформа жасауға көшкен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы 28-ші қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезін өткізіп, саяси кеңес құрамы мен саяси бюро мүшелері ауысты. «Нұр Отан» партиясының съезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев партия төрағасы болып сайланып, партияның жұмысын түбегейлі өзгерту қажеттігін алға тартқанды. Көп кешікпей, яғни, 1 наурыз күні «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезі онлайн форматта өтті. Партияның саяси кеңес құрамы өзгертілді. Оған Премьер-министр Әлихан Смайылов Президент әкімшілігінің жетекшісі Мұрат Нұртілеу, «Астана» медициналық университетінің ректоры Камалжан Нәдіров, «Қазақ тілі қоғамының» вице-президенті Максим Рожин енді. Жөн дестік. Билік партиясы «Нұр Отанға» халықтың өкпесі қара қазандай екенін қаңтардағы оқиғада қалың бұқара ашық айтып, партияны тарату туралы талаптарын қойған-ды. «Арбаны да сындырмайын, өгізді де өлтірмейін» деген Президент партия атауын «Аманат» деп өзгертуге келісім берді. Бұл атаудың жайдан-жай алынбағаны, таңдаудың аманатқа түсуі де ұққан адамға ой салары анық.

Енді сол «Аманаттың» түп төркініне мән беріп көрелік. Қазақта «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген аталы сөз бар. Бұдан қазақтың аманатшыл халық екенін көруге болады. «Аманатқа қиянат жасаған түбі алдыңнан шығады» дейді. Қиянаттың көкесін ақыретке барып, қыл көпірден өткенде, Алланың алдына барып, сұрауға алғанда көресің деп сақтандырады және қиянат жасауға тыйым салады. Бірақ қазақ елі отыз жыл елді билеген биліктің әу баста сеніп тапсырған аманатына қиянат жасағанын көрді. Халық бір кісідей сеніп тапсырған аманат қайда? «Шал кет» деді. Беделі бес атанға жүк болған қадірлі кісіні партиясымен бірге жек көріп кетті. Ол аз десеңіз, қазақ өлімнен ұят күшті дейді. Ұяты өлген адамды кісі санатына қоспайды. Оған дәлелді алыстан іздеудің қажеті жоқ. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген тәмсіл де бар. Осы мақал-мәтелдер тұнып тұрған Конституция. Халық нақылының ішіндегі інжу-маржаны «Аманатты» партияға төл атау қылып алған екен. Енді арына, намысына адалдық танытып, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға тиісті «Аманат» партиясы «Нұр Отан» сияқты халыққа жеккөрінішті болмаса екен деп тілейік.

Съезде партияның атын «Аманат» деп атау туралы ұсынысты мәжіліс спикері Ерлан Қошанов жасады.

– «*Жасыратын ештеңе жоқ, менде бұл мәселеге байланысты пікірталасқа қатыстым. Бірнеше ұсы-ныс болды, соның ішінен «Аманат» деген атауға тоқталдық. Бұл еліміз үшін де, ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз міне, осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанады»*, – деді. Түсінген адамға бұл сөз мірдің оғындай қадалуы керек. Қағазбастылық пен бюрократияны сынап, одан бас тарту қажеттігін айтқан Президент Қ. Тоқаев мәжіліс пен мәслихаттағы фракция әрекетін белсендендіру қажеттігін алға тартып, «Қоғамдық талқылау, әлеуметтік желі мен қалалық алаңдардағы фокусты Парламентке бұрған дұрыс» деді. Ата-бабалар пайымын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та бағамдап отыр. Енді бір партияның ғана жыры жырланбауға тиісті. Алдағы кезде аты дардай болғанымен, салмағы жоқ партиялардың орнына демократиялық жолда бәсекелестік танытып, өзіндік бағдарламаларымен мемлекеттің даму жолына сүбелі үлес қосатын, айбаты, қайраты бар партиялар құрылады деген сенім мол. Бұрынғыдай «Нұр Отанға» ғана айқара жол ашып беріп, қалған партияларды жантаққа жеккен жабағыдай жал-құйрығын күзеп, қақпайлап отырса, «Аманат» қиянат жасаса оның сұрауы болатынын билік партиясы жақсы түсінеді. Бір үміт, бір күдік араласқан қоғамда демократияның болар болмас білте шамы жарқырайды. Елдің көбі аты өзгергенмен заты өзгермей, «Аманат» партиясы тонын теріс аударып киген «Нұр Отанның» кебінін кигенмен бірдей десе, енді біразы Қасым-Жомарт Тоқаев ондайға жол бермейді, халқының үнін еститін партияға айналады дейді.

Партия демекші, белгілі халық жазушысы Олжас Сүйлейменов пен ғарышкер, Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров, «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының Президенті Азаматхан Әміртай мен өзге де қоғам қайраткерлері партия құратынын хабарлады. «Байтақ» халықтық-экологиялық партиясын Әділет органдарында тіркеу мәселесі бойынша кезекті мәрте ұйымдастыру комитетінің отырысын өткізді.

Отырысқа Олжас Сүлейменов, Тоқтар Әубәкіров, Азаматхан Әміртайдан бөлек Ирак Елекеев, Орақ Әлиев, Виктор Сапульник секілді қоғам өкілдері, үкіметтік емес ұйым және ерікті экологиялық қозғалыстардың өкілдері қатысты. Партия құрушылар соңғы 5 жыл бойы ынталы топ Әділет органына тіркеу мәселесімен 9 рет жүгінгенін, барлық талаптар сақталғанына қарамастан үнемі тіркеуге бас тартып келгенін айтты.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 11 қаңтар күнгі Парламенттегі «*Мемлекет пен қоғам қарым-қатынасын транформациялау қажеттігі туып отыр. Қоғамдық келісімнің жаңа форматы керек. Қазақстан саяси модернизация жолын жалғастырады. Бұл – менің принципті ұстанымым» деген сөздерінен кейін бізде партиямызды тіркеуге үміт пайда болды»*, – дейді ұйымдастыру комитеті. Халық құрылған және тіркеуге тұра алмай жүрген, жаңадан құрылатын партиялардың санын емес, сапасын көргісі келеді. Баяулап басталып жатқан «Жаңа Қазақстанда» демократияның жылы лебі еседі. Сонымен қош бол, «Нұр Отан», «Аманат» адал бол!» дейді халық.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 7 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 Masele
06.45 «Жан анам»
Мерекелік концерт
08.15 Дисней ұсынады: «Күлбике»
10.00, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00 М/ф «Моана»
13.35 «Ұлы дала комедиясы»
15.15 «Асыл Ана»
17.10, 01.35 «Әйел әлемі»
20.00 «Арнау»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 «Анаға апарар жол»
02.25 «Көңіл толқыны»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Шестой пост»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «В поисках мамы-2: Новые приключения»
11.30 «Өн әлем» Айгүл Иманбаева
12.30 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
16.00 Т/х «Бұл-Бұл»
19.00 Кино
21.00 Концерт. Мейрамбек Беспаев
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Әдемілік әлемі» мерекелік концерті

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Сериал «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Қызық болған»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Х/ф «Келинка Сабина-2»
18.00 Алдараспан
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Худ/ф «Я Жених»
02.30 Жұлдыздар айтысады
05.00 «Хон Гиль Дон»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТОЙ БАЗАР»
07.00 «Паутина»
08.00 «Мальчики-девочки»
09.50 «Поле чудес»
10.20 «Осколки счастья»
14.30 QOSLIKE
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 «Пикник»
00.25 «Цыпленок жареный»
01.25 «БЕГИ!»
02.15 «Басты жаңалықтар»
02.45 «Паутина»
03.30 «Той Базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Махаббат әлемі»
10.20 «Астарлы ақиқат»
11.10 «Ва-Банк» комедия
13.00 «Тойхана»
14.40 «Где-то на краю света»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Здравствуй, папа!»
23.20 «Вместе навсегда»
01.10 «По ту сторону смерти-2»
02.50 «Махаббат әлемі»
04.00-04.30 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Менің анам»
07.10 Мерекелік әндер
07.30 «Жан анам» концерті 1-бөлім
09.00 Апта (каз)
10.00 Апта (рус)
10.50 «Менің анам»
11.00 «Жан анам» концерті 2-бөлім
12.05 «Менің анам»
12.10 «Майлейн ханшайым» ертегісі
13.15 «Менің анам»
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 «Менің анам»
14.30 Әсем әуен
14.55 «Менің анам»
15.00 К/ф «О, Ләйлә»
16.50 «Менің анам»
17.00 «Шабыт» шығармашылық орталығының 8 наурызға арналған концерті
17.45 «Менің анам»
17.55 «Мәңгілік өмір - махаббат» спектаклі
19.35 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 К/ф «Күйеуге шыққым келеді»
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 (эстрадалық клиптер)

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30, 00.50 31 әзіл
08.45 М/с «Аладдин»
10.05 «Облачно-2: Месть ГМО»
12.00 «Стюарт Литтл-2»
13.30 «Волки и овцы: Ход свиньей»
15.00 Кино. «Счастье □ это»
17.00 Кино. «Ультрафиолет» (повтор)
18.50 Худ/ф «Ангелы Чарли-2»
23.00 «Роми и Мишель. В начале пути»
02.30 Сериал «Поселенцы»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00 «Аналарға әзілімді арнаймын»
09.00, 15.20 Сериал «Женский доктор»
10.00, 16.20 Сериал «Гадалка»
10.30, 19.30 Сериал «Хорошие руки»
12.40 «Q - Елі»
13.30 «Любовь в большом городе»
17.30 «Любовь в большом городе-2»
21.30 Худ/ф «Красавчик-2»
02.00 «Оян, Qazaqstan»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Сейсенбі - Вторник, 8 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.15 «Көтем шақырады»
07.45 «Тақиялы періште»
09.20 Д/ф «Дәуір даналары»
10.00, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00 «Аналар»
12.50 «Әлемнің жарығы»
14.00 М/ф «Күлшекыз-3»
15.10 «Құс қанат ғұмыр»
16.50 «Әйел әлемі»
20.00 «Жан Анам»
22.30 «Домалақ Ана»
00.05 «Әйел әлемі»
01.10 «Көңіл толқыны»
01.50 «Ливерпуль» - «Интер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Львица»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Өн әлем».«Жігіттер тобы»
10.30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға».
11.30 Кино. «Тақиялы періште»
13.15 Кино. «Томирис»
16.00 Т/х «Бұл-Бұл»
19.00 Кино
21.00 Концерт. «Музарт»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 Концерт «Жан анам»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Сериал «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Худ/ф «Я жених»
18.00 Алдараспан
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 «Сулейман Султан»
02.10 «1001 түн»
03.15 Жұлдыздар айтысады
04.30 Үздік әзілдер
05.00 Т/х «Хон Гиль Дон»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТОЙ БАЗАР»
07.20 «Паутина»
09.00 «Лучше всех»
10.35 «Осколки счастья-2»
14.30 QOSLIKE
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 «Пикник»
00.25 «Цыпленок жареный»
01.25 «БЕГИ!»
02.15 «Басты жаңалықтар»
02.45 «Паутина»
03.30 «Той Базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Махаббат әлемі»
09.40 «Астарлы ақиқат»
10.40 «Где-то на краю света»
14.20 «Вместе навсегда»
16.30 «Жить ради любви»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Любовь с ароматом кофе»
23.10 «Вместе навсегда»
01.10 «По ту сторону смерти-2»
02.40 «Жить ради любви»
04.00-04.30 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Менің анам»
07.10 Мерекелік әндер
07.25 «Менің анам»
07.30 «Таңжарық» / Мерекелік шығарылым
08.50 «Менің анам»
09.00 «Жан анам» концерті 1-бөлім
10.15 Мерекелік роликтер
10.20 «Ай мен күн» телехикаясы
10.55 «Менің анам»
11.00 «Жан анам» концерті 2-бөлім
12.05 «Менің анам»
12.10 К/ф «Күйеуге шыққым келеді»
13.45 «Менің анам»
13.50 Мерекелік роликтер
14.00 «Ана - әлем» концерті
14.35 «Менің анам»
14.45 «Қайырымды ханшайым» ертегісі
15.45 «Менің анам»
16.00 8-наурыз Аналар күні
16.35 «Менің анам»
16.55 «Жүрек сөзі»
17.30 «Сағындырған әндер-ай» концерті
19.50 «Сыралғы»
20.25 «Менің анам»
20.30 Жетісулық өнерпаздардың мерекелік концерті
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 (эстрадалық клиптер)

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30, 00.50 31 әзіл
09.00 «Kulip All»
09.30 М/с «Маша и медведь»
10.00 М/с «Аладдин»
11.20 «Волки и овцы: Ход свиньей»
12.50 Кино. «Счастье это...»
14.50 Худ/ф «Ангелы Чарли»
16.50 Худ/ф «Ангелы Чарли-2»
19.00 Худ/ф «СОЛТ»
21.00 «Bizdin Show»
23.00 Худ/ф «ВОЛК»
02.00 Сериал «Поселенцы»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Жайдарман
08.00 «Аналарға әзілімді арнаймын»
09.00, 15.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.30 Сериал «Гадалка»
10.30, 19.30 Сериал «Хорошие руки»
12.40 «Q - Елі»
13.30 «Любовь в большом городе2»
17.40 «Любовь в большом городе-3»
21.30 Валерий и Константин Меладзе «Полста»
23.40 Худ/ф «Путь сквозь снега»
02.00 «Оян, Qazaqstan»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Сәрсенбі - Среда, 9 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25 «Көңіл толқыны»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Тұлға»
15.40 Д/ф «Қазақтар»
16.10 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.35 «ПОРТУ»
01.50 «Реал Мадрид» - ПСЖ

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 ТелеТ/с
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке»
12.30 Т/х «Тағдыр тартуы»
14.15 Телехикая
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Т/с «103»
17.10 «Ой мен ойын»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 Astana Times
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 «Сүлейман сұлтан»
01.50 «1001 түн»
02.30 Astana Times (повтор)
03.30 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер
05.00 Т/х «Хон Гиль Дон»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10 «Цыпленок жареный»
12.05 «Линия света»
14.00 НОВОСТИ
14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 «Там где не бывает снега»
00.20 «Цыпленок жареный»
01.20 «БЕГИ!»
02.10 «Новости»
02.25 «Жаңалықтар»
02.40 «Паутина»
03.25 «Басты жаңалықтар»
03.50 «Той Базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 «Адасқын қыз»
11.20 «Астарлы ақиқат»
12.20 «По ту сторону смерти-2»
14.30 «Вместе навсегда»
16.30 «Жить ради любви»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе навсегда»
23.45 «По ту сторону смерти-2»
01.40 «Жить ради любви»
02.20 Т/х «Адасқан қыз»
03.40-04.10 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.40 роликтер
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 31 әзіл
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 «Ханшайым»
11.00 «Bizdin Show»
13.00 М/с «Аладдин»
13.30 Т/с «Женатики»
14.30 Худ/ф «Начни сначала»
16.30 Худ/ф «СОЛТ»
18.30 Т/с «Отель Элеон»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Ұшқан Ұя»
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 «Городские легенды-2: Последний отрезок»
02.10 Т/с «Поселенцы»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Жайдарман
08.00, 14.20 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
09.00, 15.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.20 Т/с «Гадалка»
10.30, 19.30 Т/с «Хорошие руки»
12.30 «Менің атым Арман»
13.20, 22.20 Т/х «Бастық боламын»
17.30, 23.20 Т/х «Кезайым»
18.30, 00.20 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.40 Т/с «240 Часов»
00.50 «Студия 7»
02.00 «Оян, Qazaqstan»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚЫН ӘЛЕМІ

«САҒЫНЫШТЫҢ МИФІ»

Ана, сенің мейірің
Күннен нәр алған ба?!
Нұрдан жаралған ба?!
Жүрегің үлкен бе екен
Осынау ғаламнан да?

Ана, сенің пейілің,
Бұлақтың мөлдіріндей,
Әлемнің кеңдігіндей!
Кешіріп жүрсің мені
бұрқансам желді күндей.

Ана, сенің қуатың
рух берді ұшарымда,
От берді күш алуға.
Біз сенген Жұмақ, бәлкім
Ол сенің құшағыңда?!

Жарқын да жайсаңдаймын,
Қату да қайсардаймын.
Сонда да саған мұны
жарқылдап айта алмаймын.
Аман жүрші, Ана!

ИӘ, САҒЫНЫШ АҚЫННЫҢ ҚАЙ ӨЛЕҢІН ОҚЫСАҢЫЗ ДА ЖАН ЖАЙЛАНЫП САЛА БЕРЕДІ. ОНЫҢ ӘР ЖЫРЫНДА САҒЫНЫШТЫҢ ЛЕБІ ЕСЕДІ. АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІ АЛАПАТ КҮЙГЕ БӨЛЕП ҚАНА ҚОЙМАЙ, КЕЙДЕ ШЕКСІЗ БІР КЕҢІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ.

Жақында Сағыныш Намазшамованың жаңа кітабы жарық көрді. «Менің мифім» деген атаумен шыққан кітаптағы әр өлеңде нәзік сезім де, парасатты ой да, азаматтық үн де төгіліп жатыр. Жаңа кітаптың таныстырылымы Janr Ádebı Klýby-ның ұйымдастыруымен оқылым форматында өтті.

Бір сағаттық кеште жаңа кітаптың жартысынан жуығы оқылып тасталғанын айтты барғандар. Қалай дейсіз бе, Janr Ádebı Klýby мүшелерінің оқылымымен. Есболат (А) айтқандай, бұл бір поэзия оқымайтын, оқуға уақыт таппайтын типтер үшін таптырмас формат. Яғни, келесің де отырасың, өзгелер нақышына келтіріп тұрып өлеңді оқып береді. Бұған тағы әсерлі музыканы, сонсын тып-тыныш аудиторияны, қаракөлеңке фонды қосыңыз. Әдеби атмосфера жақсы шығарманың шырайын ашса, тыңдаушыны құдды бір ғарышқа ұшырып әкеткендей болады.

Бұл кеште өлең ғана оқылып қоймай, ақын жырлары туралы ағалардың ақ жарма ойлары айтылды. Солардың бірі филология ғылымдарының кандидаты Сайлау Қажыбекұлы бұй деді.

– *«Сағыныштың мифі» – ол Сағыныштың ішкі жан дүниесі, дүниетанымы. Дүниетаным тек отбасынан ғана емес, жан-жақты, терең оқығаннан қалыптасады. Ата-бабамыздан келе жатқан мифтер: кие, наным, сенім бар. Оларды жоққа шығармаймыз. Бірақ, поэзияда осыны көрсетудің әдіс-тәсілдері бар. Сағыныш осыған ден қойып, жақсы жеткізген.*

Жауын да жеп-жеңіл, бұлт та, тұман да аппақ. Бұрын тұман ішіне кірсек адасып, тұманды басқа жағынан бейнелейтін едік. Ал қазір аппақ тұманның ішінде жүрміз. «Жанарынан жыр саулайды» – мұны түсінбеген адам «жанардан жас тамушы еді, қалай жыр саулайды» деп ойлайды. Бұл – Сағыныштың өскені. Оның мифі әркімге бір ой салары анық. Ал, кез келген өнер – адамға ой тастауы керек. Сағыныштың өлеңдері сана түбіндегі қоламталанып қалған дүниені үрлеп жағады.

Мұнан кейін өзінің сүбелі ойын ортаға салған облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Нүсіпбай Әбдірахым: «*Сағыныш өлеңге өзінің сағынышымен, құштарлығымен, іңкәрлігімен келді. Мұқағали ақын айтқандай: «Жүрегіңді алдымен жайып таста, кереметтің көкесі сонда болар» дейді. Сағыныш қай өлеңінде болмасын өзінің жүрегін жайып тастап отырады. Кейбір өлеңдер бар: ұйқасы, бунағы келіп тұрғанымен өлеңде сезім болмай жатады. Ал Сағыныштың өлеңдері негізінен сезімге құрылған, сонысымен оқырманын тартады. Жақсы әнді қайталап тыңдай бергің келетіні тәрізді Сағыныштың*

өлеңдерін оқи бергің келеді. Сондай-ақ, өлеңдерінде керемет бір ішкі ырғақ бар.

Сағыныштың өлеңдерін айтқанда, оның аудармасы жайлы да айтпай кетпеске болмас. Мына жаңа кітабында өзім атын естімеген ақындардың өлеңдерін жақсы аударғанын көрдім. Сағыныштың өлеңдері поэзияны сүйетін әр адамға рухани азық болары анық» деп ағынан жарылды.

Алдыңғы толқын ағалар айтқандай, ақынның әр өлеңі философиялық ойға жетелейді.

«*Ақын жырды өзінің жанымен сырласу үшін жазады. Өзінің жанымен сырласқаны басқаның жүрегімен үндесіп, соның жанына сәуле түсіріп, нәр беріп жатса, ой-өресін алға жетелесе әдебиет деген сол. Сағыныштың алғашқы кітабын оқығаннан-ақ оны ақын деп түйіп қойғанмын*», – деп бастайды сөзін оқылым форматындағы кештің басты кейіпкері турасында Жетісу» телеарнасының директоры Серік Әбікенұлы. – *Сағыныш өз тұңғиығында өмір сүретін ақын. «Менің мифім» атты кітаптың сыртындағы суретке қарасаңыз, бәйтерек тұр. Ал бәйтеректің бәрі әйел силуэтінен жасалған. Бұдан нені байқаймыз? Бұл – Сағыныштың тереңнен тамыры үзілмеген, бағзы қазақылық, әдебиет туралы түсініктен, болмыстан ажырамаған шығармашылық адамы екендігін байқатады.*

Мен оның тереңдігіне таң қаламын. Әлем әдебиетінен хабары бар, бәрін оқығанымен өз өлеңінде, қазақтың қара өлеңіне ешқашан эксперимент жасамайды. «Өлең мен ой» эксперимент арқылы емес, өрнек арқылы жетеді. Мәселен, «Менің мифім» кітабында: «Төсек деген табытқа таңып қойып, Құдай менің жанымды күнде алады» – дейді. Қандай сөз! Ақынның міндеті осындай ой арқылы қоғамды, адамды, өз ұлтын алға жетелеп отыруы тиіс.

Жалпы әдебиет деген ұлттық сипаттан гөрі адамзаттық сипатқа тән дүние ғой. Егер оның айтқан ойы адамзатқа тән болса, сол әдебиет озады.

«Менің мифім» кітабында Сағыныштың кесек-кесек, ер мінезді болмысы тұр. Кітаптың тең жартысы сондай, тең жартысы оның тағдыры... өлеңдерінде қара бояу көп, түн туралы көп айтады.

Сағыныштың өлеңдерінде ешкімге еліктеушілік жоқ. Ол Талдықорғанда жүріп, басқалардың тілімен айтқанда, провинцияда жүріп Республикалық ақындарға «фора» беретін, сондай деңгейге көтерілген ақын. Сағыныш антикалықтан бастап, қазіргі заманауи, дүниежүзілік әдебиеттің барлық элементін оқып, жырларында, мақаласында қолданып жүрген талант иесі. Ал, ақынға абыройды тереңдікпен әкеледі. Сағыныш жанжақты, терең ақын.

Осындай ақ жарма сөздерден кейін «Сыр сандық» бөлімінде кеш қонағына қатысты жасырылған сауалдар да қойылды. Сыр сандыққа ақынның ғайыпқа сеніп өмір сүруі, әдебиет төңірегіндегі түрлі сауалдар жасырылыпты. Мәселен, «Әдебиеттің миссиясы қандай?» деген сауалға орай:

– Өлең жазғанда оны көпшілік оқиды деп жазбайсың, өзің үшін жазасың. Бұл деген, өмірге әкелген балаң сықылды ғой. Баланды өзің үшін туып, өзің үшін өсіресің, содан кейін барып қоғамға қосасың. Егер де сол балаң қоғамда орны бар азамат болып шықса, ол сен үшін қуаныш. Өлең де мен үшін дәл сондай. Яғни, жүректен шыққан өлеңің өзгенің жүрегінен орын алып, жол тауып жатса құба-құп қой. Негізінен, о баста дүниеге келгенде ол сенің ішіңде толған дүниені сыртқа шығару... одан кейін де жаңа бір өріс алып, аудитория жақсы тыңдап жатса, ақын үшін мың мәрте қуаныш – дейді Сағыныш ақын.

Осы кешке арнайы қатысып, жылы лебізін жаудырған облыс әкімінің баспасөз қызметінің жетекшісі Руслан Ербота дұрыс айтады. «*Сағыныштың жанында жүріп, онымен араласқан біз шынында да бақыттымыз*».

Бұл кештің керемет өткені мен ақынның от түсті көйлек киіп лапылдап жанғаны туралы Есболат (А) өзінің Фб парақшасында әдемілеп жазды.

Сағыныштың өлеңі туралы сан алуан ой қаузаған ағалар сөзі ақын жүрегін жылытпады дей алмаймыз. Ал, ақынның жұмыстағы жаңа жетекшісі Руслан Ерботаның айтқаны ақынның ғана емес, кештегі көптің жүрегіне ерекше ой ұялатқандай.

«*Мен Сағыныштың есімін сырттай естіп жүргеніммен, көрмеген екенмін. Міне, енді, екі аптадан бері қызметтес болып жатырмыз. Шынымды айтсам, таңғалып отырмын. Неге десеңіз, мемлекеттік қызметте, соның ішінде баспасөз саласындағы қауырт жұмыстарды атқара жүріп мұндай өлең жазу деген ғажап... Бұған дейін ақындар не үшін өлең жазатыны туралы ойланып көрмеген екенмін. Бүгінгі кештегі оқылған ақын өлеңдерінің басым бөлігі лирикаға толы болғанымен, ішіндегі бір өлең қатты таңғалдырды. Бұл өлеңнен саясаттың иісі аңқыды. Мұндай саяси өлеңді бұрын-соңды Анна Ахматовадан да оқымаппын. Үндемей жүріп, биязы, қазақи қалыппен жазатын Сағыныш ақынның осындай саяси өлеңге қалам тербеуі мені қатты таңқалдырды*» – деген ол ақын өлеңдері оны сезімге де жетелеп, ойлануға да мүмкіндік бере алғанын айтты.

Бұл жолы ақынның жаңа кітабының тұсауы кесіліп қойған жоқ, клубтың былтыр қолға алған мәнерлеп оқу (читка) жобасы жалғасын тапқанын да айта кетейік. Сонымен қатар Janr Ádebı Klýbynың бір жылдығы атап өтілді. Бұл клуб былтыр ақпанда Айнұр Төлеудің бастамасы, Марлен Көлбаевтың қолдауымен құрылған болатын. Ал, алғашқы іс Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына орай жыр эстафетасымен ашылды. Клуб мүшелері бастаған челленджге бүкіл қаламгерлер, біраз шенеунік, әкім, депутаттар атсалысты. Онан кейін де ұзын ырғасы оншақты іс жүзеге асқан. Әдеби кештер, «Жусан иісі» әңгіме байқауы, кітап шығару... Мәнерлеп оқу. Өткен жылғы қарашада жазушы Есболат Айдабосынның кеші осы мәнерлеп оқу форматында өткізілді.

Бұл жолғы Сағыныш Намазшамованың «Менің мифім» атты кітаптың тұсаукесері мәнерлеп оқу форматындағы өткізіліп отырған екінші кеш деуге болады. Алдағы уақытта да клуб мүшелерінің ұйымдастырылуындағы мұндай кештер жалғасын таппақ.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ

ҚАЗАҚТА: «ӘЙЕЛДІҢ ҚЫРЫҚ ЖАНЫ БАР» ДЕГЕН ТӘМСІЛ БАР. ҚАНШАМА ҒАСЫРДАН БЕРІ КЕЛЕТІН БҰЛ СӨЗ ТЕККЕ АЙТЫЛМАҒАН-АУ СІРӘ. ӘЙЕЛ БОЛЫП КҮН КЕШУДІҢ ӨЗІ БІР ЖАҒЫНАН БАҚЫТ, БІР ЖАҒЫНАН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ІС. СЕБЕБІ, ҚЫРЫҚ ЖАННЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР, ӨЗ САЛМАҒЫ БАР. ӨЗІНІҢ БОЛМЫСЫНА САЙ ТҰРМЫСТЫҢ ҚАЙСЫСЫНА БОЛСЫН ТӨЗУ КЕРЕК. ЖАРАТЫЛЫСЫ ҚАНША ЖЕРДЕН НӘЗІК БОЛҒАНЫМЕН ІШКІ ЖАН ДҮНИЕСІ МЕН ЖҮЙКЕСІ ТӨЗІМДІ ӘРІ МЫҚТЫ. ОСЫ АТАЛҒАНДАРҒА САЙ БОЛУ ҮШІН ДЕ ОЛАРҒА ҚЫРЫҚ ЖАН КЕРЕК...

Әйелмен әлем әдемі

Бала деген бір бақыт

Бала – адамның бауыр еті. Бала десе еміренбейтін жүрек, сыздамайтын балтыр бар ма?! Бар тәттісін аузына тосып, бар мүмкіндігін сәбиіне сарп ететін ана оның болашағын, денсаулығын бәрінен жоғары қойып, түн ұйқысын төрт бөледі. Дені сау, қол аяғы бүтін баланы қараған өз алдына, ал мүмкіндігі шектеулі баласына қарап отырған жігерлі аналардың орны бір бөлек дерсің.

Мақаламызға арқау болған Гүлбағиза ОМАРБАЕВА қызын осыдан тоғыз жыл бұрын босанды. Іштегі сәбиін мерзімінен бұрын дүниеге әкелді. Үш айлығында инсульт алған бала сал дертіне шалдықты. Сол уақыттан бері түн ұйқысын төрт бөліп, қызының жазылып кетуіне бар жағдайын жасап, дертімен күресіп келеді. Ержүрек ана қызын жанынан бір сәтке тастамайды. Күнделікті жасайтын шаруаларының нақты жоспары белгілі. Таңғы 8-ден түскі уақытқа дейін Дильфирузаның ұстаздары келіп сабақ оқытады. Түстен кейін «Бәйтерек» оңалту орталығына барып ұстаздарымен дайындалады. Орталықтан шыққаннан кейін оларды массаж алу шарасы күтіп тұрады. Осы шаруаның барлығын бітіргеннен соң үйлеріне қайтады. Дильфируза үйге келген соң бір сағат демалады. Ол уақытта немен айналысатынын өзі шешеді. Сәл демалып болғасын емдік фитнеспен айналысып, үйге берілген тапсырманы анасымен бірге орындайды. Содан соң кешкі ас қамына кірісіп, тамақтанады. Ана мен қыздың бір тәуліктегі шаруасы осы.

Гүлбағиза апай педагог-психолог мамандығын тәмамдаған. Қызын дүниеге әкелгенше лицейде парихмакер-модельер мамандығының мұғалімі болып 13 жыл қызмет атқарды. Кейіннен Алматы облыстық мүгедектер қоғамы бірлестігіне жұмысқа тұрып, әртүрлі көмекке мұқтаж отбасыларына керекті азық-түлік, қажетті заттармен қамтамасыз етумен айналысты.

– Бұл қоғамдық бірлестікте тіркеуде тұрғандардың көбісі толыққанды отбасы емес. Бұндай шаңырақта көп жағдайда ерлер отбасын тастап кетеді. Мұны олардың әйелдері баласының диагнозын естігеннен кейін оның ауыртпашылығын көтере алмай кетіп қалды деп жатады. Алайда олай емес, керісінше ер адам өзінің әйелінің ауыртпашылығын көтере алмай кетеді, кім болсын баладан безбейді ғой. Себебі, ана сыркат баласынан басқа өзге жанға мән бермейді. Күнделікті кешке шейін ем-шара жасап жүретіндіктен, ер адамға жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейді. Осының барлығы жиналып келгенде ерлер қауымы өзін керексіз сезіне бастайды. Сол себептен арада өкпе-реніш болып, екіге бөлініп кететіндері осыдан. Әйел баласының ауыртпашылығы мен жауапкершілігін арқалап кетеді», – дейді Гүлбағиза Тұрсынқызы.

Ол қызының дерттен жазылуына бар күш-жігерін салуда. Оның нәтижесі де жоқ емес. Қызы енді өз бетінше тіземен бірқалыпта тұруға және еңбектеуге шамасы жетеді. Жолдасы екеуі алдынан шыққан кедергінің бәрін бірге еңсеріп келеді. Тіпті, қызының денсаулығын ойлап, мамандықтарын да өзгерткен. Мұғалім болып қызмет атқарған Гүлбағиза бүгінде логопед-дифектолог маманы. Баламен жұмысқа шыға алмайтындықтан, үйде отырып шаруасын жасайды Ал, оның өмірлік серігі Пархаттың негізгі мамандығы – жиһаз құрастырушы. Бүгінгі таңда ол массаж курсын үйреніп, белгілі бір орталықта массажист қызметін атқарады. Осылайша ата-ана қызының ыңғайына қарай қызметтерін өзгерткен. Енді қалған уақытта массаж жасауға мүмкіндік бар.

Әр күнге уақытын есептеп, жоспармен жүретін кейіпкердің сөзінше, қызын дүниеге әкелгелі бері мойын сүйектері ауырып, өмірінде бірінші рет массаж алыпты. Ол ауырмаса, мүмкін, алмас па едік деп күледі. *«Өз-өзімізге күтім жоқ. Кейде бір жерлерге шаруаларымен баруың керек болады, сосын қойшы мына қызды еміне апару керек қой. Осы баланы аяғынан тұрғызып алайынша, қаражат жетпей қалмасыншы деймiз де өзімізге қимай қаламыз»*, – деп ағынан жарылды ол.

Дені сау баланы бағуды айтпағанда, дертке шалдыққан балаға баскөз болудың қиындығы қаншама дерсің... Мұндағы ең бірінші талап – физикалық күш жұмсау. Баланы көтеру, жүргізу, оны сүйемелдеп тұрғызып жуындыру, тамақтандыру, қажетті нәрсесін алып беру. Ең бастысы – баланы түсіну керек.

«Қоғамда қанша адам болса, сонша пікір бар. Біреу аяушылықпен мүсіркеп қарайды. Енді кейбірі «жас кезінде ішіп-шегіп, масқүнемдікке салынған бейшара ғой» деген сөздерін құлағың шалып қалады. Түрлі оқиға басымыздан өтті. Тіпті, бізді балалар ойнайтын батутқа кіргізбей қойған сәт те болған. Осындай баласы бар ата-аналар айналасындағылардың пікір-көзқарасынан қорқады, сол үшін де сыртқа көп шығармайды. Қызым сәл кішірек болғанда бұл сезім менің де басымнан өткен. Үйге келіп айғайлап жылағаным есімде.

Бұрын қызым түнімен ұйықтамайтын, басы ауырып жылай беретін. Түнімен көз ілмей отыратын едім. Ертесінде ұйқы қанбаған, көзім ісіп жүреді. Ол кездегі ішкі күйзелісімді, жай-күйімді айтып жеткізе алмаймын. Оны тек бастан өткерген адам ғана түсінеді», – дейді Гүлбағиза ана.

Алдынан шыққан қиындықтар мен сынақтарға төтеп беріп келетін ананың шыдамдылығы мен төзімділігінде шек жоқ. Ол қызының аяқтан тұрып кетуіне, дәрігерлердің жұмысының оң нәтиже беретініне сенеді. Және осы сенімділік оны алға жетелеуде, баласының оңалып келетіндігіне қарап қуанады да.

Жалғасып жатқан тіршіліктің ең басты қызығы – бала өсіріп, оны адам қылу. Әйел шіркіннің бойына бала біткен күннен ұйқысы бұзылып, көңілі тыншымайды. Іште жатқан шаранасының болашағын ойлап, жүрегін ауыртады. Одан кейін «тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібітіп» өмірге әкеледі. Және сол күннен бастап оның өмірі мен денсаулығына жауапкершілікті өз мойнына алады. Шаранасы өсіп, өз қолы аузына жеткенше соның қамын күйттейді. Меніңше, бұл бейнетке әйелге берілген қырық жан да аздық ететіндей...

Қабанбай батыр көшесі, 23
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ

Спортты серік еткен Раушан

Раушан ҚОЙШЫБАЕВА осыдан алты жыл бұрын Рио-де-Жанейрода өткен жазғы Паралимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанды. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері», «Құрмет» орденінің иегері. Бұл дәрежелерге жетпес бұрын қаншама қиысқан жолдардан өтті, өз есімін бүкіл әлемге дәлелдеді.

Кейіпкерімізбен әңгімеде өзінің көпбалалы отбасынан шыққанын, жастайынан бауырлары бір-бірін жетелеп, ата-анасына қамқор болып өскенін айтты. Үлгі-өнеге жайлы сөз қозғағанда әкесі мен анасының бойына сіңірген қасиеттерін ойлап біраз үнсіз қалды.

– *Бізге бар рухани, асыл дүниелерді санамызға құйып, тәрбиелеген болатын. Біреудің ала жібін аттама, берешегін алма. Ешкімнің алдында басыңды төмен түсіріп, абыройыңды төкпе,* – дейтін еді деп жалғады сөзін. –*Тіпті, әкем нанның қадіріне шейін, одан шығатын қиқымын бостан-бос шашпау керектігімізді айтып отыратын.*

Оның әр сөзінен әке-шешенің берген тәрбиесин тұла бойына сіңіріп алғаны, мұнымен қатар оны өзгелерге әлі күнге дейін мысал қылып айтып жүретіні аңғарылды.

Раушан Зауытбайқызы мектепті бітірген соң тоқыма және тігін фабрикасына жұмысқа тұрып, бірден еңбекке араласты. Онда өзінің Дәмегүл атты жеңгесіне көмекші болды. Жеті жыл фабрикада жұмыс істеп, ісмерліктің қыр-сырын үйренді.

Әр адамның басына бірден бақ қонып, бақытты ғұмыр кешіп кету жазылмаған. Өмір болғаннан кейін бақытты сәттердің көлеңкесі алыстап, басына бұлт төнген кездерде тұрмыстың бар тауқыметіне төзіп, кез келген жағдайға қарсы тұрып, болмашыға мұжіліп қалмас үшін адамға – үлкен төзім керек. Біздің кейіпкер де әр қиындыққа төтеп бере алатын жандардың қатарынан. Жастайынан басына түскен келеңсіз оқиға оны құлатқан жоқ, керісінше одан сайын мықты бола түсуге тәрбиеледі. Соның арқасында ол ең бірінші өзіне, сонан соң айналасындағыларға кім екенін, қолынан не келетін көрсете білді. Өзінің жанын түсінетін өмірлік жарын жолықтырып, шаңырақ көтерді. Бүгінде жолдасы Бауыржан екеуі Алла берген үш қызды тәрбиелеп өсіруде. Осы тұста ол жанында арқа сүйер азаматың болса, кез келген қиындыққа қарсы тұратын қабілетің арта түсетінін айтады.

Елуді еңсерген спортшы әлі күнге дейін пауэрлифтингпен шұғылданады.

«Спорттан алыстағаным жоқ. Аптасына үш-төрт күнді жаттығуға арнаймын. Жоспарланған жарыстар болса міндетті түрде күнделікті дайындық жұмысын жүргіземіз. Спорт – менің өмірім.

Қазір осы салаға келіп жатқан жас спортшыларға ақыл-кеңесімді де беріп, үйретіп отырамын. Біздегі басты ниет – жас спортшыларды қолдау, оларды халықаралық және әлемдік деңгейдегі түрлі чемпионаттарға дайындау», – дейді спортшы.

Спортшымен әңгіме барысында бала кездегі арманы үлкен сахнаға шығып ән айту болғанын да жасырып қалмады.

Кішкене кезінде қазақ-орыс әндерін жатқа айтып, көрген фильмдерінен актерлердің рөлдерін айна алдында қайталап сомдау жаны сүйетін істің бірі болыпты. *«Сол кезде сахнаны бекер армандамаған шығармын. Әнші болмасам да, бала қиялымдағыдай жұрт алдына шықтым. Бұл мен үшін үлкен сахна емей не»,* – дейді Раушан Қойшыбаева.

Алғысы аз, арқалағаны ауыр қызмет

Бойыңды қандай да бір дерт мазалап, басың ауырып, балтырың сыздай қалса ең алдымен жедел-жәрдем қызметіне жүгінеміз. Шақырту түсісімен олар көмекке зәру жанға қолұшын беруге асығады. Күн, түн демей шапқылап жүретін жандардың жұмысының қаншалықты жауапты, әрі ауыр екенін осы саланың маманы Гүлмира ҚҰРМАЕВАМЕН әңгімелесуде аңғардық.

Жедел-жәрдем стансасында 25 жылдан бері жұмыс істеп келетін ол – өз ісінің білгір маманы. Жұмыс өтілінің жиырма үш жылын шақырту бригадасында өткізді. Бүгінде облыстық жедел-жәрдем стансасының аға дәрігері, сонымен қатар диспетчерлік бөлімде қызмет атқарады. Шақыртуларды қосалқы станциялар бойынша бөледі және науқастарға шақыру орнына жақын дәрігерлерді жібереді.

Жедел-жәрдем қызметінде телефон қоңырауы бір сәтке дамыл көрмейді. Күндіз де, түнде де өңір бойынша жан-жақтан қоңыраулар түсіп отырады. *«Мына ауданда үлкен қарияны мынандай дерт мазалап тұр, мына ауданда әйел босанып қалды, мына аймақта бір кісіні өлім аузынан алып қалдық»* деген ақпарат, смс-хабарламалар тоқтаусыз келеді.

Аға дәрігер жалпы саны 250 бригадаға кімді қайда апару керектігін, қандай шаралар қолдану қажеттігін айтып, кеңес береді. Әр өңірде болып жатқан жағдайдың бәрінен хабардар болып отыратын маман таңертеңгілік жиналыста кезекшіліктің есебі жайлы егжей-тегжейлі талқылайды. Диспетчер жұмысының қауырттығы сол алдындағы асты ішуге де уақыты тапшы. Күн-түн демей жұмыс істейтін станса тәулігіне шамамен екі мыңнан астам шақырту қабылдайды екен.

– *Барлық ауданнан шақыртулар түсе-тіндіктен үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жұмысым өзіме ұнайды. Адамдарға көмек көрсеткенде жүздерінде пайда болған күлкі бізге үлкен күш-қуат береді. Әр мамандықтың өзіне сай қиындығы болатыны секілді бізде де кедергілер, небір сындар болып тұрады. Оңай жұмыс емес, түрлі жағдайларға тап болғанда ойланып тұруға уақыт болмайды, ойыңды бірден тиянақтап жедел қызмет көрсетуің керек. Қанша кедергі болса да, өз ісінің нағыз маманы тығырықтан шығар жолды оңай тауып алады деп ойлаймын,* – дейді ол.

Сонымен қатар ол дәрігерлер ауысымға әбден үйренгенін айтады. *«Бір тәулік жұмыс істеп, екі күн демалыс алады, кей жағдайларда бір тәулік қызметін атқарып, ертеңінде кешке жұмысқа шығады. Бұл салада қызмет жасайтындардың отбасы мүшелері түсіністікпен қарайды. Мәселен, жолдасым менің кезекшіліктен шыққаннан кейін үйге келе сала шамалы көз іліп алатынымды біледі. Сол уақыт аралығында мен ұйқыдан оянып, өзім хабарласпайынша мазаламайды. Себебі жұмыстың қаншалықты ауырлығын түсінеді».*

Гүлмира Мәлікқызы біліктілігін сынауда талай жарысқа қатысқан. Халықаралық байқауларда жедел-жәрдемнің қызметін көрсетіп, берілген тапсырмаларды орындап, облыс атын шығарып жүрген ол жұмысына шынайы берілген адам.

– *Оқу орнында білім алып жатқан студенттер практикадан өтуге келеді. Біздің жұмысымызды көріп, оқу бір басқа, ал тәжірибеде өзіңді көрсету бір басқа екен ғой деп таңданыстарын жасырмайды. Менің байқағаным, қазіргі жастардың басым бөлігінде шыдамдылық жоқ. Қиын, жауапкершілігі мол, ауыр істі жасағысы келмейді. Тәжірибеден өткен оқуын тәмәмдайын деп жатқандарға әрі қарай қалып үйренесің бе десең, «жоқ, мен кәсіппен айналысамын, саудагер болатын шығармын деп жатады» Тағы бір айта кететін мәселе, бұрын медицинада білім тек орыс тілінде берілді. Ал қазір сабақ қазақ тілінде оқытылады. Іс тәжірибеден өтуге келгендер орысша сөйлейтін дәрігерлердің айтқанын түсінбей жатады. Неге? Себебі, олар мектепті, оқу орнын қазақша тәмәмдады. Бұл қуанарлық іс болғанымен, кейде олардың бұл ісіне қарап күлесің. Айтайын дегенім, қай тілді болмасын жақсы меңгеру керек-ақ»,* – дейді ақ халатты абзал жан.

Жедел-жәрдем ұжымының халық алдында жауапкершілігі қашан да жоғары. Онда қызмет атқаратындардың әрбірі үлкен жүйенің ажырамас бөлігі тәрізді жедел әрі бірігіп жұмыс істейді. Осы саланың арашашысы болып, аттың жалында, түйенің қомында жүріп қызмет атқаратын Гүлмира Құрмаева – көпке үлгі етерлік тұлға. Бар ғұмырын медицина саласына арнап келетін дәрігердің еңбегі көпке үлгі етерлік-ақ.

P.S: Иә, әйелмен әлем әдемі. Қашан да аналардың құшағы гүлге, жүрегі перзенттерінің махаббатына бөленіп, көңілдері қуаныш арнасынан асып төгіліп жатса игі. Отбасында отағасының, бала-шағасының жағдайын жасап, айналасына жарасымды сыйластық, қоғамға құт-береке орнатуды ғана ойлайтын аналар барда бейбітшілігіміздің де баянды бола түсері сөзсіз.

Арайлым НҰРЖАПАР

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СВЫШЕ 94 ПРОЦЕНТОВ УСЛУГ ЕНПФ ОКАЗЫВАЕТ В ЭЛЕКТРОННОМ ФОРМАТЕ

Единый накопительный пенсионный фонд в первый месяц 2022 года оказал своим вкладчикам 3,2 миллионов услуг.

Отметим, что свыше 94% услуг ЕНПФ оказывает в удобном, оперативном и безопасном в период пандемии онлайн-формате. Вкладчики и получатели, не выходя из дома, могут буквально за считанные минуты получить практически все услуги Фонда. Из общего количества онлайн-услуг свыше 2,1 миллионов или 66,5% от общего объёма услуг оказано на сайте либо в мобильном приложении ЕНПФ.

Напомним, что в Личном кабинете, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, вкладчики имеют возможность получать услуги в любое время и в любом месте. Например, это получение выписки с индивидуального пенсионного счета, внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, а также по добровольным пенсионным взносам, отслеживание статуса заявления на выплату и многое другое.

Кроме того, в Фонде развит беззаявительный формат обслуживания. В него входит, к примеру, автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, ОППВ или ДПВ. Все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и месте проживания вкладчика ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. В беззаявительном порядке с начала года было оказано 0,9 миллионов услуг или 27,8% от общего объема.

Продолжает пользоваться популярностью и очное обслуживание. В 176 подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану за первый месяц 2022 года вкладчикам оказано более 116 тысяч услуг. Напомним, ближайшее отделение Фонда всегда можно легко уточнить на сайте www.enpf.kz, либо мобильном приложении ENPF.

Во время продолжающейся пандемии и холодной погоды, среди вкладчиков ЕНПФ особенно востребованы удаленные консультации. Буквально в считанные минуты наши сотрудники могут ответить на любые предоставляемые вопросы. На 1 февраля 2022 года количество обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило 65,6 тыс. обращений.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

ВНИМАНИЕ! АКТИВИЗИРОВАЛИСЬ МОШЕННИКИ И ПОЯВИЛИСЬ ФЕЙКОВЫЕ РАССЫЛКИ В МЕССЕНДЖЕРАХ!

Появилась новая мошенническая схема. Вкладчики ЕНПФ сообщают о том, что к ним обращаются посредники, которые, представляясь сотрудниками Фонда, предлагают за отдельную плату помочь получить пенсионные накопления на жилье или лечение. Жертвами этих противоправных действий уже стали около 30 вкладчиков Фонда.

Кроме того, в социальных сетях и мессенджерах распространяется недостоверная информация о приобретении за счет пенсионных накоплений недвижимости через потребительские кооперативы или иные компании.

Напоминаем, что возможность использования части пенсионных накоплений, превышающей порог минимальной достаточности, на жилье и лечение реализуется исключительно в электронном формате через уполномоченных операторов, утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан.

На сегодняшний день уполномоченными операторами, принимающими заявления на использование части пенсионных накоплений на улучшение жилищных условий, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Altyn Bank», АО «Банк ЦентрКредит» и АО «Банк Фридом Финанс Казахстан», а на использование пенсионных накоплений для лечения имеется единый оператор АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк».

ЕНПФ рекомендует не обращаться для использования пенсионных накоплений к третьим лицам, не переходить по подозрительным ссылкам на незнакомые сайты и просит проверять информацию только на официальном сайте enpf.kz либо официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях.

Подчеркнём – все услуги ЕНПФ (включая предоставление индивидуальных пенсионных выписок, открытие счетов, заявление по переводу пенсионных накоплений в управляющие компании, изменение реквизитов и т.д.) предоставляются бесплатно!

ЕНПФ: ПЕНСИОННЫЕ ВЗНОСЫ КАЗАХСТАНЦЕВ УВЕЛИЧИЛИСЬ ПОЧТИ НА 30 ПРОЦЕНТОВ

КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЕНПФ НА 1 ФЕВРАЛЯ 2022 ГОДА

На 1 февраля 2022 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму 13,1 трлн тенге. Основная сумма пенсионных накоплений сформировалась за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и составила 12,7 трлн тенге. Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 367,8 млрд тенге, сумма пенсионных накоплений по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) составила порядка 1,7 млрд тенге.

За первый месяц 2022 года вкладчики ЕНПФ внесли почти на 30% больше средств, чем за аналогичный период прошлого года. На 1 февраля 2022 года на счета вкладчиков поступили пенсионные взносы в общем объёме порядка 114,9 млрд тенге, что превысило показатель за аналогичный период 2021 года на 26,1 млрд тенге. Из общего объёма взносов 93,3% составляют поступления в ЕНПФ по ОПВ – 107,2 млрд тенге (рост 29%), по ОППВ поступило 7,6 млрд тенге (рост 28%), 72 млн тенге было перечислено по ДПВ (рост 149%). При этом, чистый инвестиционный доход за месяц составил 10,6 млрд тенге.

Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 февраля 2022 года составило 11,7 млн единиц. Наибольшее количество счетов открыто по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 10 865 718 единиц. Далее идут счета, сформированные за счёт ОППВ, 550 405 ед., количество счетов за счёт ДПВ в ЕНПФ сейчас 63 471 ед.

С начала года вкладчикам ЕНПФ выплатил 113,2 млрд тенге, большую часть составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на цели улучшения жилищных условий и лечение – 97,0 млрд тенге. Выплаты по возрасту - 6,6 млрд тенге, выплаты по наследству - 3,8 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК - 3,5 млрд тенге, переводы в страховые организации составили - 1,6 млрд тенге, выплаты на погребение - 0,4 млрд тенге и выплаты по инвалидности - 0,2 млрд тенге.

Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 29 200 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты составила 548 741 тенге.

ПРЕДПРНИМАТЕЛЬСТВО

ПТИЦЕФАБРИКА ОТСУДИЛА У ГОСОРГАНА 22 МЛН ТЕНГЕ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНАЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПТИЦЕФАБРИКА ОТСУДИЛА У ГОСОРГАНА 22 МЛН ТЕНГЕ СУБСИДИЙ. ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЗАЩИТИЛА ПРАВА ПТИЦЕФАБРИКИ «АЛСАД КАЗАХСТАН». ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ПАЛАТЫ ДУМАН КЕРИМБАЕВ ДОБИЛСЯ ОТ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА ВЫПЛАТЫ СУБСИДИЙ НА СУММУ БОЛЕЕ 22 МЛН ТЕНГЕ.



В декабре 2020 года Специализированный межрайонный административный суд (СМАС) Алматинской области удовлетворил иск предприятия к областному управлению сельского хозяйства в части невыплаты субсидий по принятым заявкам. Ранее в ноябре 2020 года суд обязал госорган выплатить полагающие субсидии на удешевление стоимости производства пищевого куриного яйца. Данное решение суда было исполнено принятием заявки, однако заявки не были профинансированы. Отечественный товаропроизводитель подавал заявки на субсидирование в июне 2020 года в количестве 43 заявок, в июле 2020 года в количестве 64 заявок, в августе 2020 года в количестве 11 заявок на общую сумму 22 463 823 тенге на удешевление стоимости производства пищевого куриного яйца.

Таким образом в декабре СМАС восстановил права предприятия и обязал управление в месячный срок выплатить субсидию в размере 22,4 млн тенге. Также птицефабрике вернули уплаченную государственную пошлину в сумме 688 500 тенге.

В начале 2022 года компания вновь обратилась в суд признать незаконными действия Управления сельского хозяйства Алматинской области в части непринятия заявок на приобретение суточного молодняка финальной формы яичного направления, полученного от племенной птицы с декабря 2019 года по февраль 2020 года. Были поданы заявки в информационную систему субсидирования. Однако при формировании заявки товаропроизводитель столкнулся с уведомлением следующего характера: «Невозможно подать заявку. По выбранному направлению субсидирования закончился бюджет на текущий год».

«Предприниматель выполнил все требования, предусмотренные Правилами субсидирования, в связи с чем заявки подлежат принятию и регистрации. По заявкам, в которых объем субсидий превышает объем бюджетных средств, предусмотренных в Плане финансирования на соответствующий месяц, выплата субсидий осуществляется в следующем месяце, по очередности согласно дате поступления заявок. Поэтому действия госоргана по отказу в принятии заявок считаем незаконными, поскольку законных оснований на отказ в принятии заявок отсутствуют», – отметил заместитель директора по правовым вопросам Палаты предпринимателей Алматинской области Думан Керимбаев, защищавший права птицефабрики в суде.



В итоге суд признал действия областного управления незаконными и обязал принять заявки на субсидирование в течение месячного срока, а также вернуть компании уплаченную госпошлину в размере 14,5 тысяч тенге.

Ш.ХАМИТОВ.

Бейсенбі - Четверг, 10 наурыз

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Ұлы дала ұлағаты»
15.40 «Ауылдастар»
16.10, 23.35 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
01.00 «Ashyq Alan»
01.50 «Барселона» - «Галатасарай»

ХАБАР
05.00, 16.00 ТелеТ/с
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке»
12.30 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 «Большая неделя»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «ӘН-АҒА»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Біреудің есебінен»

АСТАНА
06.00 Т/х «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30, 21.00 «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Т/с «103»
17.10 «Ой мен ойын»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 Astana Times
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 «Сулейман Султан»
01.50 «1001 түн»
02.30 Astana Times (повтор)
03.30 «Айтарым бар»
04.20 Үздік әзілдер
05.00 Т/х «Хон Гиль Дон»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10 «Цыпленок жареный»
12.05 «Линия света»
14.00 НОВОСТИ
14.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 «Простить себя»
00.20 «Цыпленок жареный»
01.20 «БЕГИ!»
02.10 «Новости»
02.25 «Жаңалықтар»
02.40 «Паутина»
03.25 «Басты жаңалықтар»
03.50 «Той Базар»

КТК
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 «Адасқан қыз»
10.40 «Астарлы ақиқат»
11.40 НОВОСТИ
12.20 «По ту сторону смерти-2»
14.30 «Вместе навсегда»
16.30 «Жить ради любви»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Вместе навсегда»
23.45 «По ту сторону смерти-2»
01.40 «Жить ради любви»
02.20 Т/х «Адасқан қыз»
03.40-04.10 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.40 роликтер
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 Ауа райы
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 «Адалдық алаңы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
06.00, 03.40 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 «Ханшайым»
11.00, 21.00 «Ұшқан ұя»
12.00 Kulip All
13.00 М/с «Аладдин»
14.00 Т/с «Женатики»
15.00 «Городские легенды-2: Последний отрезок»
17.00 Т/с «Отель Элеон»
20.00 Информбюро
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 «Одержимость»
02.10 Т/с «БАЗАРБАЕВТАР»
04.30 Whats Upp?

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Жайдарман
08.00, 14.20 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
09.00, 15.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.20 Т/с «Гадалка»
10.30, 19.30 Т/с «Хорошие руки»
12.30 «Менің атым Арман»
13.20, 22.20 Т/х «Бастық болмын»
17.30, 23.20 Т/х «Кезайым»
18.30, 00.20 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/с «240 Часов»
00.50 «Студия 7»
02.00 «Оян, Qazaqstan»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.30 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

Жұма - Пятница, 11 наурыз

ҚАЗАҚСТАН
06.05Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25,10.00,13,00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.50Aqparat
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50, 02.15 «Теледәрігер»
15.15 «Шаңырақ»
15.40 «Ауылдастар»
16.10, 23.30 Т/х «Күйеу бала»
20.35, 01.25 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.20 «Парасат майданы»

ХАБАР
05.00, 16.00 ТелеТ/с
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 18.00 Мегахит
12.00 Т/х «Бәсеке»
12.30 «Тағдыр тартуы»
15.00 «Бүгін»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 Док.фильм
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая «Ән-аға»
00.00 «Біреудің есебінен»

АСТАНА
06.00 Т/х «Белгісіз Жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 22.00 «Қарындасым, карлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30, 21.00 Т/х «Қара ниет»
13.30, 03.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Т/с «103»
17.10 «Ой мен ойын»
18.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
19.00 «Ене» телехикаясы
20.00, 02.30 «Астана таймс»
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
01.50 Т/х «1001 түн»
04.20 «Үздік әзілдер»
05.00 Т/х «Хон Гиль Дон»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
08.00 «Доброе утро»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10 Т/с «Цыпленок жареный»
12.10 «Линия света»
14.00, 01.30 Новости
14.15, 01.50 Жаңалықтар
14.30 «Кослайк»
18.30, 02.55 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз!»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
21.55 Т/с «Легенда для опер-ши»
02.10 «Паутина»
03.20 «Той базар»

КТК
07.05, 03.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Аманат»
09.00 «Адасқан қыз»
10.40 «Астарлы ақиқат»
11.40 Новости
12.20 Х/ф «По ту сторону смерти-2»
14.30 Т/с «Вместе навсегда»
16.30, 01.10 Т/с «Жить ради любви»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «KTKweb»
21.00 «Вечерние новости»
21.40 Т/с «Коснувшись сердца»
02.40 Т/х «Адасқан қыз»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» т/х
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» т/х
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ
06.00, 03.40 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 20.00 Информбюро
08.30 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.30 Т/с «Ханшайым»
11.00, 21.00 Т/с «Ұшқан ұя»
12.00 «Біздің шоу»
14.00 М/с «Аладдин»
14.30 Х/ф «Одержимость»
17.00, 18.30 Т/с «Отель Элеон»
21.55 Т/с «Анупама»
23.30 Кино «Принцесса льда»
02.10 Т/с «Базарбаевтар»
04.30 «What`s up?»

7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Жайдарман»
08.00, 14.20 Т/х «Серт пен сезім»
09.00, 15.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 16.20, 01.20 Т/с «Хорошие руки»
12.30 Т/х «Менің атым арман»
13.20, 22.20 Т/х «Бастық болмын»
17.30, 23.20 Т/х «Кезайым»
18.30, 00.20 «Айбат»
19.00, 00.50 «Студия-7»
21.30 Т/с «240 часов»
02.00 «Оян, Қазақстан!»
02.30 «Тамаша 7км»
03.30 Т/х «Япыр-ай»
04.00 «Айна-онлайн»

Сенбі - Суббота, 12 наурыз

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 20.00, 01.50 «Ақпарат»
07.00 «Талпын»
07.35 «Дәуір даналары»
08.25 «Әйел әлемі»
09.00 «Теледәрігер»
10.00, 18.00 Т/х Дениз
12.00 Мультфильм «Аңдар шаһары»
13.40 К/ф «Аманат»
16.00 Концерт
20.20, 02.10 «Мәселе»
22.50 Т/х «Өмір ызғары»
23.50 «Қазақстан дауысы»

ХАБАР
05.00, 16.00 ТелеТ/с
07.00 Т/с «Жібек»
09.00 «Өзін-өзі тану»
09.15 «XXI ғасыр көш басшысы»
10.15 «Сенат аксакалов»
11.00, 22.00 Кино
13.00 Телехикая марафоны
19.15 «Маска»
21.00 «7 күн»
23.30 «Discovery: Сквозь червотину...»
00.30 «Әсем әуен»

АСТАНА
06.00 Т/х Белгісіз жан
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 Маша и медведь
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.30 Т/х Қызым
12.30, 21.00 Т/х «Қара ниет»
13.30 «Жұлдыздар айтысады»
16.25 Т/с «103»
20.00, 02.40 «Астана кеші көңілді»
23.40 Х/ф «Рэкетир»
01.30 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
03.20 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ
06.00,03.30«Той базар»
07.50, 02.45 «Паутина»
08.45 «Фото на недобрую память»
10.35 «Легенда для оперши»
14.30 Т/с «Выбирая судьбу»
18.00 «Айна»
19.00 «Все, что захочешь»
22.40 «Трое»
01.00 «Перевал»

КТК
07.05 Мерекелік концерт
07.30 Т/х «Еркіндік құны»
08.00, 04.10 «Көңілді отбасы»
09.00 Новости
09.40 Смеяться разрешается
11.50 «Коснувшись сердца»
15.30, 03.00 К/ф «Ішқұса»
16.50 «Алдараспан»
17.30 «Үш театр»
20.00 «Ақ мама» реалити-шоу
21.00 «Большие новости»
22.00 Т/с «Солнечные дни»
01.30 Т/с «Жить ради любви»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Бүгін»
11.30 «Зейнеп апаның әңгімелері»
12.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Мәдениет жаңалықтары
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Поющее дерево» ертегісі
14.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
15.00 «Жанашыр»
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Мәдениет жаңалықтары
16.00 «Әсем әуен» (концерты)
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Зерде»
19.15 Новости
19.30 «Безбен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Мәдени байлықтар»
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 «Әсем әуен»
23.00 «Шертпіш пен тышқан патшасы» ертегісі

31 КАНАЛ
06.00, 02.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 01.00 «Тамаша лайв»
09.00, 00.30 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Ералаш»
11.00 М/с «Аладдин»
12.00 Х/ф «Семья»
14.50 Мультфильм «Маугли дикой планеты»
16.40 Кино «Излом времени»
18.45 Х/ф «Люди в черном-3»
20.45 Х/ф «Легион»
22.45 Кино «Между мирами»
02.00 «What`s up?»
03.30 «Әзілдер күнделігі»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 «Япыр-ай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00 Т/х «12 күн»
09.00 Х/ф «Путь сквозь снега»
10.00 «Орел и решка»
11.00 Т/с «Женщина его мечты»
15.00 К/ф «Жан балам»
17.10, 02.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
19.30 Т/с «240 часов»
21.00 Шроу «Маска»
00.20 Х/ф «Красавчик»
04.00 «Q-елі»

Жексенбі - Воскресенье, 13 наурыз

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Қазақ даласының құпиялары» д/ф
06.30 «Күміс көмей»
07.15 Д/ф «Дәуір даналары»
08.00, 02.45 «Ақсауыт»
08.25 М/ф «Аңдар шаһары»
10.00, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00 «Айтыс»
13.00 К/ф «Ең сұлу»
14.30 «Әнім сен едің...» концерт
15.50 М/ф «Монстрлар университеті»
17.20 «Әйел әлемі»
20.00, 01.55 «Апта»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.20 Т/х «Өмір ызғары»
23.20 «Қазақстан дауысы»

ХАБАР
05.00, 16.00 ТелеТ/с
07.00 Т/с «Жібек»
08.00 «Самопознание»
08.15 «21 ғасыр көшбасшысы»
10.15 «Сенат аксакалов»
11.00 Кино
12.45 Телехикая марафоны
14.15 «Маска»
18.00 Мегахит
20.00 «Хит жазамыз»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.30 Кино «Discovery:Сквозь червоточину...»
00.30 «Әсем әуен»

АСТАНА
06.00 «Белгісіз жан»
06.50 Т/с «Домашние войны»
07.20 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.30 Т/х «Қызым»
12.30,21.00 Т/х «Қара ниет»
13.30 «Алдараспан»
18.00 Х/ф «Рэкетир»
20.00, 02.50 «Астана кеші көңілді»
20.45, 03.20 «Аялы алақан»
23.40 Х/ф «Рэкетир-2»
01.30 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
03.40 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.25 «Той базар»
06.45 «Той заказ»
07.25, 02.40 «Паутина»
08.20 «Воскресные беседы»
08.35 Концерт М.Галкина
10.00 «Все что захочешь»
13.35 Т/с «Верь мне»
17.20 «Добрый вечер, Казахстан!»
18.25 «Лучше всех»
20.00 «Грани»
21.00 Т/с «Не оглядывайся назад»
00.45 Концерт О.Газманова

КТК
07.05, 17.20, 02.40 Мерекелік концерт
07.30 «Жан ана»
09.50 «Дом культуры и смеха»
12.00 Т/с «Солнечные дни»
15.50, 01.30 К/ф «Жанарымның нұры сен»
19.00 «Ән мен әнші»
20.00 «Ақ мама» реалити-шоу
21.00 «Портрет недели»
22.00 Кино «Реставратор»
23.50 Т/с «Жить ради любви»

ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Безбен»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Зерде»
14.15 «Сделано в Казахстане»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Қазақ тілі»
19.30 «Жүрек сезі»
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әндер мен жылдар»

31 КАНАЛ
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
07.00, 02.00 «Тамаша live»
07.30, 01.00 «Күліп ал»
09.00 «ТелеБинго»
09.25 «Готовим сАдель»
10.00 Ералаш
10.40 Кино «Принцесса льда»
12.40 М/ф «Маугли дикой планеты»
14.35 Кино «Излом времени»
16.40 Х/ф «Люди в черном-3»
18.40 Х/ф «Вспомнить все»
21.00 «Біздің шоу»
23.00 Х/ф «Легион»
04.00 «What`s up?»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ
06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.30 «Гу-гулет»
07.00 Т/х «Япырай»
07.30 «Құтты қонақ»
08.00 Т/х «12 күн»
10.00 Х/ф «Любовь в большом городе-3»
11.50 Шоу «Маска»
15.00 К/ф «Екінші мүмкіндік»
17.00, 03.00 Т/х «Тақиясыз періште»
19.30 Т/с «240 часов»
21.00 Т/с «Месть на десерт»
00.40 Х/ф «Красавчик-2»
04.30 Скетчком «Q-елі»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Назар аударыңыз! Алаяқтар мессенджерлерде жалған хабарламалар таратуда

Жаңа алаяқтық айла-шарғы пайда болды. БЖЗҚ салымшылары өздерін Қор қызметкеріміз деп таныстырған делдалдардан қолқа түскенін хабарлауда. Олар ақшасын төлесеңіз тұрғын үйге немесе емделуге зейнетақы жинақтарын алып беруге көмектесеміз деп уәдені үйіп төккен. Қордың 30-ға жуық салымшысы осы заңсыз әрекеттердің құрбаны болды.

Бұдан басқа, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жылжымайтын мүлікті зейнетақы жинақтары есебінен тұтыну кооперативтері немесе өзге де компаниялар арқылы сатып алу туралы жалған ақпарат таратылуда.

Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін тұрғын үй мен емделуге пайдалану мүмкіндігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген уәкілетті операторлар арқылы электрондық форматта ғана іске асырылатынын еске саламыз.

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға өтініштер қабылдайтын уәкілетті операторлар: «Отбасы банк», «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ болып табылады. Ал зейнетақы жинақтарын емдеуге пайдалану үшін өтініш қабылдайтын бірыңғай оператор – «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ екенін естеріңізге саламыз.

БЖЗҚ тұрғындарға зейнетақы жинақтарын пайдалану үшін үшінші тұлғаларға жүгінбеуге, күдікті сілтемелер арқылы бейтаныс сайттарға өтпеуге кеңес береді, әрі ақпаратты тек enpf.kz сайтынан немесе БЖЗҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан ғана тексеруді ескертеді.

Атап кететін жәйт, БЖЗҚ-ның барлық қызметтері (соның ішінде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірмелер беру, шоттар ашу, зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға аудару жөніндегі өтініш, деректемелерді өзгерту және т.б.) тегін ұсынылады!

БЖЗҚ: қазақстандықтардың зейнетақы жарналары 30 пайызға жуық өсті

БЖЗҚ-ның 2022 жылдың 1 ақпанындағы негізгі көрсеткіштері

2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,1 трлн теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 12,7 трлн теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 367,8 млрд теңге, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 1,7 млрд теңге.

2022 жылдың бірінші айында БЖЗҚ салымшылары былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 30% дерлік көп қаражат салған. 2022 жылдың 1 ақпанына қарай, салымшылардың шоттарына шамамен 114,9 млрд теңге көлемінде зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 26,1 млрд теңгеге артық. Жарналардың жалпы көлемінің 93,3% БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – 107,2 млрд теңге (өсім 29%), МКЗЖ бойынша 7,6 млрд теңге (өсім 28%) түсті, ЕЗЖ бойынша 72 млн теңге (өсім 149%) аударылды. Сонымен қатар, бір айда таза инвестициялық табыс 10,6 млрд теңге болды.

2022 жылдың 1 ақпанына қарай, БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,7 млн бірлікке жетті. Шоттардың ең көп мөлшері міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – 10 865 718 бірлік. Одан әрі МКЗЖ-нан қалыптасқан шоттар – 550 405 бірлік, БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір 63 471 бірлік.

Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына 113,2 млрд теңге төледі, оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емдеу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрайды – 97,0 млрд теңге. Жасына байланысты төлемдер – 6,6 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер – 3,8 млрд теңге, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 3,5 млрд теңге, сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 1,6 млрд теңге, жерлеуге арналған төлемдер – 0,4 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер – 0,2 млрд теңгені құрады.

Атап кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) 29 200 теңге, ал ай сайынғы ең жоғары төлем 548 741 теңге болды.

БЖЗҚ өз қызметтерінің 94 пайыздан астамын электрондық форматта көрсетуде

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2022 жылдың бірінші айында өз салымшыларына 3,2 миллион қызмет көрсетті.

БЖЗҚ қызметтерінің 94% астамын індет кезеңінде ыңғайлы, жедел және қауіпсіз болып табылатын онлайн тәртібінде көрсетуде. Салымшылар мен алушылар үйден шықпай-ақ бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметтерін ала алады. Онлайн қызметтердің 2,1 миллионнан астамы немесе жалпы көлемнің 66,5% БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында көрсетілген.

БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен салымшылар қызметтерді қалаған уақытында, кез-келген жерде ала алатынын естеріңізге саламыз. Атап айтқанда, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқа қызмет түрлері.

Сонымен қатар, Қорда қызмет көрсетудің өтінімсіз түрі де дамыған. Мысал ретінде айтсақ, оған міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу кіреді. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте тұлғаның жеке басын сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. БЖЗҚ салымшысының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алынады. Өтінімсіз тәртіпте жыл басынан бері 0,9 миллион қызмет немесе жалпы көлемнің 27,8% көрсетілді.

Кеңсеге келіп қызмет алу түрі де танымалдығын жоғалтқан емес. БЖЗҚ-ның Қазақстан бойынша 176 бөлімшесінде 2022 жылдың бірінші айында салымшыларға 116 мың қызмет көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесі туралы www.enpf.kz сайтынан немесе ENPF мобильді қосымшасынан тез білуге болады.

Жалғасып жатқан індет пен қыстың күні қырауда БЖЗҚ салымшылары барынша қашықтан кеңес алуды жөн көріп отыр. Бірнеше минут ішінде біздің қызметкерлер кез-келген сұрақтарға жауап бере алады. 2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша, кері байланыс арналары арқылы салымшылардан 65,6 мың өтініш келіп түскен.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығы, www.enpf.kz корпоративтік сайты, сондай-ақ, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты және Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында ақыл-кеңестер ала алады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ҚОЛДАНУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ БАСТЫ МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТІЛІ. СОНДЫҚТАН ДА «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ПРОБЛЕМАСЫ – ТЕК ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҒАНА ПРОБЛЕМАСЫ» ДЕП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ.

Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам басқа тілдерді білуге өзі де ұмтылуға тиісті. Басқа шет елдерде халқының тілін білмесең, лауазымды қызметке орналасуды былай қойғанда, тіпті күнің де көре алмайсың. Республикамызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді және тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтамен ыңғайланатын шаруа.

Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап. Қазақстандағы жастар мынаны білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт.

Маржан ОМАРОВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ҒИБРАТЫ МОЛ «КЕРУЕН-ҒҰМЫР»

БОЛАТ АҒАНЫ ТАНЫП, БІЛГЕНІМЕ ШИРЕК ҒАСЫРДАН АСТАМ УАҚЫТ ӨТІПТІ. ҚАШАН КӨРСЕМ ДЕ ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҒЫНАН ТАНБАЙТЫН АҒАМЕН АРАДАҒЫ ЕКЕУАРА ӘҢГІМЕМІЗ ӨТКЕН КҮННІҢ ЕСТІ ЕСТЕЛІГІНЕ ОЙЫСАТЫН. ӨМІРДЕН ТҮЙГЕНІН, БІЛГЕНІН, КӨРГЕНІН, ЗЕРДЕЛЕГЕНІН ӘҢГІМЕСІНЕ АРҚАУ ЕТЕТІН АҒАНЫ КЕЙІНДЕ ІЗДЕП ЖҮРЕТІН БОЛДЫҚ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ БОЛАТ РАХМЕТҚАЛИҰЛЫ САН ЖЫЛДАР КӨКЕЙІНДЕ ҰЯЛАҒАН ӨМІР БЕЛЕСТЕРІН ХАТҚА ТҮСІРІП, «КЕРУЕН-ҒҰМЫР» АТТЫ КІТАБЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫН АЛЫП КЕЛДІ.

Оқыдым, үзінділерін газет бетінде де жариаладым. Көпшіліктің қызығушылығын туғызған жазбаларды ағамыздың өтінішімен баспаға тапсырдым. Шын мәнінде «Керуен-ғұмыр» адам боп өмірге келіп, адамдық қалпынан айнымаған абыз ақсақалдың жүрек сөзі, кейінгіге қалдырған жарқын ізі. Қандай жағдайда да айнымайтын, дүние теңселсе де мызғымайтын адам боп қалу өмірдегі екінің бірінің қолынан келе қоймайды. «Әркім өз бақытының ұстасы» деген сөздің бекер еместігін тағдырға мойынсұнбай алға ұмтылған Болат ағаның осы кітапқа тақырып болған естеліктері арқылы ұғынып, азаматтық болмысын тани түсеміз.

Рахметқалиев Болат Рахметқалиұлы 1936 жылы 26 ақпанда Сарқан ауданының Белсінді колхозында дүниеге келіпті. Осы колхозда 4 сыныпты аяқтады. Бала кезінен қырманда волокуш айдап, лобогрейкада отырып, малатаспен бидай айдап, шөп шауып, көзін ашқаннан еңбекпен тәрбиеленген ұрпақтың өкілі. 1953 жылы Сарқанда Абай атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының инженер-механикалық факультетін 1959 жылы тәмамдады.

1959 жылдары Андреев ауданындағы Лепсі ет-сүт совхозында машина-трактор шеберханасының меңгерушісі, 1963-1968 жылдары аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде бас инженер, 1968-1969 жылдары «Энергия» колхозында бас инженер, 1970-1977 жылдары Сарқан аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы, 1977-1979 жылдары «Прибалхаш» совхозының бас инженері, 1979-1985 жылдары «Ленин» колхозының бас инженері, 1985-1987 жылдары аудандық тұтынушылар қоғамы автокөлік базасының директоры, 1987-1997 жылдары «Красный Октябрь» совхозының Бірлік бөлімшесінің басқарушысы болып қызмет атқарды.

1961-1995 жылдар аралығында аудандық кеңестің депутаты, бірнеше мәрте аудандық партия конференциясының делегаты, үш мәрте облыстық партия конференциясының делегаты болып сайланды. Адал еңбек уақытында бағаланды да. 1967 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл», 1972 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1973 жылы «Азаматтық қорғанысы үздігі» медальдарын кеудесіне тақты. Сарқан ауданының Құрметті азаматы атанды. Ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесінде 2009 жылы «Мұхаметжан Тынышбаевтың туғанына – 130 жыл», 1941-1945 жылғы «Ұлы Отан соғысының жеңісіне 65 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл», 2020 жылы «Қазақстан мәслихаттарына – 25 жыл», 1941-1945 жылғы «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 75 жыл» толуына орай мерекелік медальдарымен марапатталды.

Зайыбы Рахметқалиева Тұрсынхан Нұрбатырқызы жоғары білімді, Алматы қыздар педагогикалық институтының математика факультетінің түлегі. Аудан мектептерінде математикадан дәріс берді.

– Жұмысына өте тиянақты. Мектепте жауапкершілігі мол оқытушылық қызмет атқара жүріп үйдегі балалардың тәрбиесіне, отбасының тазалығына ерекше ден қойды. Балаларын бауырына басып, жаяулап мектепке жетелеп, оқуын қадағалап өмірден өз жолдарын табуына маңдай терін төкті. Екеуіміз елу жылдан артық өмір сүріп, жеті бала тәрбиелеп өсіріп, шөбере қызығына бөленіп, ұрпағымыздың қызығын көру бақытына ие болдық, – дейді Болат Рахметқалиұлы.

Ағамыз бұл жазбаларында 86 жыл ғұмырындағы ойлы-қырлы ұзақ жолының қуаныш-қызығын, арманы мен азабын, өкініші мен өксігін, күйініші мен сүйініштерін толық қамтуға ұмтылыпты. «Өмір дегеніміз – ой» деген Вольтердің қанатты сөзі бар. Сенеканың хаттарында «Өмір дегеніміз – шайқасу» деген ұғым қалыптасады. Жаңа кітапта осы ұғымдар өзара ұштасып кеткен. Каспий теңізінің оңтүстік жағалауында мекендеген Гилан ру тайпасының өкілі Кейхаус (1021-1022 жылдар шамасында дүниеге келген) 63 жасында жазған «Кабуснаманы» ұлы Гиланшахқа арнап өз насихаттарын өмірден алынған мысалдармен толықтырып, кейінгіге қалдырған болатын. Сол дәстүр осы кітапқа да алтын арқау болып, жемісті жалғасын тапқан.

Бұл кітапта Сарқан ауданының Құрметті азаматы Болат Рахметқалиұлы 1943 жылдан бастап есте қалған елеулі сәттерін қағазға түсіріпті. Сегіз жасынан сексеннен асқанша жадында жатталған, ойында қалған оқиғалар тізбектеліп, оқырманын қызықтырып, алға жетелеп отырады. Әрине, ағайындары, туған-туыстары, балалары мен немере-шөберелері туралы ғұмырнамалық кітапта жазбау мүмкін емес. Солай десек те естелік иесі соғыстан кейінгі жылдарды ауыртпалықты шынайы кестелеп, аз сөзге көп мағына сыйғыза алған. Қатарластарының басындағы тұрмыс қиыншылығы салдарынан көшіп жүріп оқыған мектептері мен мұғалімдері туралы, студенттік өмір жайында, алғашқы еңбек жолы тұрғысындағы мағлұматтар еліміздің өткені хақында білгісі келетін оқырмандар үшін аз олжа емес.

Біз осы «Керуен-ғұмырдан» кеңес кезіндегі шаруашылықтар туралы молынан мәлімет аламыз. Автордың өмірлік ұстанымы жайында ой түйеміз. Сонымен қатар анасының ақылы, ұрпақтарына өсиеті, балаларына батасы, сөз соңындағы аманаты осы кітаптан лайықты орын тапқан.

Кезінде кейінгі ұрпағының бір кәдесіне жарап қалар деген ниетпен ойға түйгендерін қара сөз ретінде өлмес аманат етіп тастап кеткен ұлы Абай «Кім ішінен керек сөз тапса, кәдесіне жаратар, керек емес деп жатса, сызып тастар, өз сөзім өзімдікі», – деп алғы сөз жазған екен. Сол философиялық ойлар бүгін де, ертең де қазақтың намысын оятып, жігерін жанып келе жатқанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Демек, Болат аға Рахметқалиевтың «Керуен-ғұмыры» ойының тереңдігімен, оқиғасының айшықтылығымен, тәлімінің молдығымен ұрпақтарының ұлағат тұтар құнды дүниесіне айналары хақ.

Тыңда үлкені жұртымның, тыңда жасы,
Таудай бүгін тұлғалы қыр баласы.
Оқырманға ұсынған «Керуен-ғұмыр»,
Өткен күннің өшпейтін жылнамасы.

Ұзақ кезіп тіршілік тоғайларын,
Жанын сезді отбасы арай бағын.
Сексен алты жасында Болат аға,
Амандығын ауылдың көп ойладың.

Еңкейтпеді еңсеңді ептеген мұң,
Бірі өзіңіз өткелден өткен ердің.
Ой-арманың арқалап келіп тұрсыз,
Осы жасқа жеткеннің, жетпегеннің.

Балалығың соғысқа тоналғанын,
Орынды ғой ойыңа көп алғаның.
Қан майданға аттанған әкені аңсап,
Қара жолға үмітпен қарайладың.

Қай қиындық сол шақпен теңдесе алған,
Кім бар онда арқаны кеңге салған.
Жаулығының ұшына жасы сіңіп,
Аналардың етегі шерге толған.

Парасатты қалпыңды таныды елің,
Басшы бола білдіңіз мәмілелі.
Қай салаға, қай жаққа жіберсе де,
Іс тындырып жүргенің кәміл еді.

Абыз аға, өткен күн елес енді,
Ойыңыздың діттеген бәрі өтелді.
Жеті ұл-қызды жетелеп жеткіздіңіз,
Шөбере де сүйдіңіз, бәрекелді!

Жақыным деп өзіңді ұғыпты әркім,
Қарсы алады алдыңнан шығып халқың.
Шарапаты солардың алғысының,
Сақталуда бұлжымай жігіт қалпың.

Тұрсын тәтем бабыңды жасағаннан,
Айнымайсыз әлі де жас адамнан.
Құдай иіп бақ берген екеуіңе,
Үзілмейді қонағың босағаңнан.

Дау айта алмас ешкім де, сірә, бұған,
Жамандықтың сақтасын тұзағынан.
Мақтан тұтып ұрпақты марқая бер,
Сүйсіндірсін ғұмырың ұзағынан!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

КІТАПХАНАДА

ЖЫЛДАМ ОҚУ САЙЫСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бұл туралы Президентіміз жаңа жылдық жолдауында айтты.

Мемлекет басшысы балаларға ерекше назар аудару керектігін, олардың әл-ауқаты Қазақстанның табысты болашағының сенімді кепілі деп атап өтті.

Осыған орай, Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханасының төменгі сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінің 3 сынып оқушылары арасында «Кім жылдам, кім жүйрік?» атты қалалық жылдам оқу сайысын ұйымдастырды. Оқушылар арасындағы сайыста 124 сөз оқып, 1 орын иеленген Айтуар Есентуров пен 2-ші және 3-ші орынды иеленген Жанел Серменқызы, Алхар Набиәлі арнайы дипломдармен марапатталды. Сайысқа қатысқан барлық қатысушыға алғыс хаттар табысталды.

Л. ДАЙРАБАЕВА, кітапханашы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«БАСТАУ БИЗНЕС»

ОТКРЫЛСЯ КЛУБ ВЫПУСНИКОВ ПРОЕКТА

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, в Енбекшиказахском районе Алматинской области открылся клуб выпускников проекта «Бастау Бизнес». Инициаторами выступили филиал районной палаты предпринимателей и участники проекта прошлых лет. Напомним, за пять лет в районе более 1400 граждан прошли обучающие курсы основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес», 460 выпускников получили финансирование на реализацию своих проектов.

«Мы сформировали актив клуба, определили задачи. У выпускников проекта большие планы. Мы и до этого было в тесном контакте с выпускниками, обменивались мнениями, обсуждали вопросы в наших рабочих чатах. Сегодня многие активные предприниматели поддержали идею и готовы в рамках клуба выступать менторами для начинающих предпринимателей, помогать друг другу с поиском партнеров, продвижением продукции. Члены клуба планируют продвигать свои наработки в широкие массы», – рассказала директор филиала Палаты предпринимателей Енбекшиказахского района Бахытгуль Дуйсебекова.

В ходе встречи в «Атамекене» участники избрали руководителем клуба Ермека Насипа – выпускника проекта 2019 года. Ермека по праву можно назвать успешным предпринимателем, он открыл два цеха в Енбекшиказахском и Талгарском районах по производству газоблоков. На двух предприятиях работают порядка 20 человек.

«Бастау Бизнес» – пока что единственный в Казахстане реальный проект, помогающий людям открыть свое дело и стать предпринимателем. Я знаком с многими людьми, которые были безработными, считали себя не успешными, а сегодня они собственники своего бизнеса, изменившие свою жизнь на 360 градусов. Такие примеры должны вдохновлять всех казахстанцев, и через «Бастау» мы должны прививать любовь к труду и упорству, и стать нацией трудолюбивых и успешных людей», – считает Ермек Насип.

Члены клуба уже создали совместный чат в мессенджере и вышли с обращением к другим выпускникам проекта в районе. В ближайшее время бастаусцы собираются встретится со студентами колледжей и поделиться своими знаниями и опытом, а также организовать B2B между предпринимателями.

К слову, в марте в Талдыкоргане по инициативе областной палаты состоится день открытых дверей выпускников проекта «Бастау Бизнес». Цель мероприятия – консультирование по мерам государственной поддержки, по вопросам открытия и ведения бизнеса, подготовки документов для финансирования в МФО «Atameken Zhetysu» и другим вопросам.

Ш. ХАМИТОВ.

НОВЫЙ КОДЕКС

ПИСЬМЕННОЕ ПРОИЗВОДСТВО В АППК

ГЛАВОЙ 23 АППК РЕГЛАМЕНТИРОВАН ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ДЕЛ В ПИСЬМЕННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ.

Будучи новым видом производства, рассмотрение дел в письменном производстве имеет ряд особенностей, которые следует учитывать при подаче иска.

Во-первых, суд вправе рассмотреть административное дело в письменном разбирательстве в разумный срок, но не более чем до трех месяцев со дня предъявления иска при наличии письменного согласия сторон, то есть истца и ответчика, о чем сообщают суду на предварительном слушании административного дела.

При письменном разбирательстве суд назначает срок, в течение которого стороны могутпредставить дополнительные ходатайства и документы.

Во вторых, суд может перейти в устное разбирательство, если в ходе рассмотрения дела стороны изъявили желание об этом и обратились к суду с заявлением об отзыве ранее выраженного своего согласия о рассмотрении дела в письменном производстве.

Кроме того, суд вправе и по собственному усмотрению перейти к устному разбирательству, если это необходимо для правильного разрешения дела.

Следует отметить, что в порядке письменного разбирательства административное дело рассматривается без проведения устного разбирательства, судом исследуются доказательства, представленные сторонами и истребованные по инициативе суда и по ним принимается решение.

Еще одним из новшеств письменного производства является то, что для совершения отдельного процессуального действия или разрешения процессуального вопроса суд может назначить устное судебное заседание, например, если необходимо допросить свидетеля, эксперта либо осмотреть вещественные доказательства, ознакомиться с письменными доказательствами и иными документами, прослушать звукозаписи и просмотреть видеозаписи, кино-, фотоматериалы, ознакомиться с материалами на иных носителях информации, а также произвести другие действия по исследованию доказательств.

Такое судебное заседание осуществляется по правилам устного судебного разбирательства, насколько это допускает сущность письменного разбирательства.

После проведения необходимого устного судебного разбирательства дальнейшее осуществление письменного производства продолжается.

Суд, разрешив спор по существу, выносит судебный акт в форме решения именем Республики Казахстан в письменной форме.

На решение суда по административному делу, рассмотренному в порядке письменного производства может быть подана апелляционная жалоба или апелляционное ходатайство прокурора в течение двух месяцев со дня вынесения решения в окончательной форме.

Датой вынесения решения для письменного производства является дата, указанная в решении суда.

Диляра ИЗБАИРОВА, судья СМАС Алматинской области.

ЗАКОН

ЗА НЕСВОЕВРЕМЕННОЕ ИСПОЛНЕНИЕ ЗАПРОСОВ СУДА НАКАЗАЛИ ЧИНОВНИКОВ В СКО. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ СУДЕБНОЙ КОЛЛЕГИИ ПО АДМИНИСТРАТИВНЫМ ДЕЛАМ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО СУДА СЕРИКБОЛ САПАРГАЛИЕВ РАССКАЗАЛ, КАКОЕ НАКАЗАНИЕ ПРЕДУСМОТРЕНО ЗА НЕИСПОЛНЕНИЕ ЗАПРОСОВ СУДА, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ МИА «КАЗИНФОРМ».

С. Сапаргалиев на брифинге региональной службы коммуникаций сообщил, что Административный процедурно-процессуальный кодекс РК предусматривает меры принуждения к лицам, не исполняющим свои процессуальные обязанности и недобросовестно пользующимся процессуальными правами.

За несвоевременное исполнение запросов суда, непредставление отзывов на иск судами первой инстанции придется понести денежное взыскание в размере 10 МРП (30 630 тенге).

«По итогам прошлого года наложены денежные взыскания на девять лиц. В том числе на акима Кызылжарского района, два взыскания на руководителя ГАСКа, руководителя отдела жилищно-коммунального хозяйства города Петропавловска, и.о. руководителя отдела земельных отношений Кызылжарского района, и.о. руководителя отдела строительства, архитектуры и градостроительства Тайыншинского района, на специалиста акимата города Петропавловска, два – на частных судебных исполнителя. Вынесено шесть частных определений в адрес акима Северо-Казахстанской области, акима города Петропавловска, акима Кызылжарского района, акима Есильского района, акима Прибрежнего сельского округа Кызылжарского района и хозяйственного управления акимата области», – сказал С. Сапаргалиев.

Апелляционная инстанция вынесла частное определение в адрес судебного исполнителя.

«С целью дальнейшего улучшения работы по применению норм АППК на первое полугодие запланированы анализы судебной практики по отдельным категориям споров, встречи с представителями административных органов для обсуждением наиболее распространенных нарушений с целью выработки мер по профилактике таких нарушений», – добавил С. Сапаргалиев.

У НАШИХ СОСЕДЕЙ

ПРЕДЛАГАЮТ НАКАЗЫВАТЬ ШКОЛЬНИКОВ И ИХ РОДИТЕЛЕЙ

Школьников и их родителей в Кыргызстане будут наказывать за неуважение к учителям. В Кыргызстане предлагают наказывать школьников и их родителей за неуважение к учителю. Проект с поправками в кодекс о правонарушениях вынесен на общественное обсуждение, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на sputnik.kg.

Инициаторы – два депутата Жогорку Кенеша. Основные положения справки-обоснования: установить ответственность за неуважительное отношение в виде оскорблений, нецензурной брани, непристойного поведения, оскорбительного приставания и демонстрации неприличных жестов (знаков), предметов по отношению к педагогическим работникам; участившиеся случаи оскорбления, даже нападения на педагогических работников при осуществлении ими профессиональной деятельности со стороны обучающихся и (или) родителей (законных представителей) несовершеннолетних умаляют особый правовой статус педагогов в обществе; согласно Конституции, каждый имеет право на неприкосновенность частной жизни, защиту чести и достоинства; родители учащихся не имеют права на неоправданное вмешательство в вопросы, которые по своему характеру входят в круг профессиональных обязанностей учителя.

Предлагается за неуважительное отношение наказывать штрафом в размере 3 тыс сомов (15 тыс тенге), при повторном правонарушении наказывать штрафом в размере 5 тыс сомов (25 тыс тенге) либо административным арестом на срок от трех до пяти суток.

Такие санкции будут налагаться на одного из родителей несовершеннолетнего ученика, либо на самого обучающегося, если он достиг совершеннолетия, либо соответственно на иное лицо – участника образовательных отношений.

ГАЗ

О КАРТЕЛЬНОМ СГОВОРЕ 44 ГАЗОЗАПРАВОЧНЫХ СТАНЦИЙ

По поручению Главы государства от 5 января Агентство по защите и развитию конкуренции проводит расследования в отношении 193 розничных автомобильных газозаправочных станций, из них 89 – совместно с Генеральной прокуратурой. АЗРК отчиталось о промежуточных итогах расследований, передает МИА «Казинформ».

Сообщается, что в рамках проверки Генпрокуратуры Агентством установлены факты согласованных действий и организации картельного сговора в действиях 44 субъектов рынка.



Также в настоящее время, на основании представлений органов прокуратуры, территориальными антимонопольными департаментами по Акмолинской, Кызылординской и Костанайской областям и Шымкенту возбуждены административные дела в отношении 32 субъектов рынка, материалы направлены в суд.

Территориальные антимонопольные департаменты по Северо-Казахстанской области и Нур-Султану передали материалы по семи субъектам рынка в Департамент экономических расследований для рассмотрения на признаки уголовного правонарушения.

По двум субъектам рынка в Атырауской области в ближайшее время будут возбуждены административные дела. Помимо этого, в случае поступления от органов прокуратуры актов надзора, будут возбуждены административные дела по другим расследованиям.

По остальным субъектам рынка работа по установлению признаков нарушения законодательства в области защиты конкуренции продолжается.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТЕННИС

ҚАЗАҚСТАН НОРВЕГИЯМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Теннистен Қазақстан ұлттық құрамасы кейінгі жылдары жаңа форматтағы Дэвис кубогының финалдық бәсекесінде үнемі өнер көрсетіп келе жатқаны белгілі. Жерлестеріміз биыл да бас жүлде үшін өтетін бәсекеден үмітті. Ол үшін Александр Бублик пен Михаил Кукушкин бастаған жерлестеріміз осы аптадағы жарыстың іріктеу кезеңінде Норвегия құрамасын жеңуі тиіс.



Қазақстан мен Норвегия арасындағы шешуші сынға жолдама беретін іріктеу бәсекесі 4-5 наурыз күндері Норвегияның бас шаһары – Ослодағы Oslo Tennisarena спорт кешенінде өтеді. Бұл сында ел намысын Михаил Кукушкин, Андрей Голубев, Александр Недовесов, Дмитрий Попко және Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик қорғайды. Қазақстандық теннисшілер Дэвис кубогы аясында норвегиялықтармен тұңғыш рет кездеспек. Жарыс ережесі бойынша құрамалар төрт жекелей сында және бір жұптық матчта бақ сынайды. Әр ойын үш сетке дейін созылады. Жеңімпаз құрама осы жылдың қыркүйек айында өтетін Дэвис кубогының финалдық кезеңіне (командалық әлем чемпионатына) жолдама алады.

«Ослодағы ойынға толық дайынбыз. Хард төсеніші екі командаға да қолайлы деп ойлаймын. Командамызбен ойынға тыңғылықты дайындалып жатырмыз. Құрамадағы жігіттер Норвегиямен ойынға нағыз бабында келді. Ешкімде жарақат жоқ. Жеңіске жетіп, жанкүйерлерімізді қуантамыз деген үміттемін», – деді Михаил Кукушкин.

Норвегия құрамасы қазіргі таңда Дэвис кубогының рейтингінде 39-орынды иеленуде. Скандинавия елінің өкілдері 2019 жылдан бері жаңа форматтағы турнирдің әлі күнге дейін финалға жолдама ала алмай келеді. Дегенмен олар бүгінге дейінгі ең үздік нәтижесіне сонау 1995 жылы қол жеткізген. Сол жылы ұйымдастырылған теннистен Әлемдік кезеңнің бәсекесінде Норвегия плейофф сатысына дейін жеткен болатын. Сондай-ақ Норвегия Дэвис кубогына 1928 жылдан бері қатысып келеді.

Қазіргі таңда Норвегия құрамасының көшбасшысы – 23 жастағы Каспер Рууд. Кезінде Каспердің әкесі де, атасы да теннистен кәсіби түрде айналысып, бірталай жетістікке қол жеткізген. Рууд бұл күндері ерлер арасындағы жаңарған әлемдік рейтингте 8-орында тұр. Ол осы күнге дейін АТР турниріндегі жеті жарыстың бас жүлдесін жеңіп алған.

Норвегия құрамасының екінші ракеткасы саналатын 24 жастағы Виктор Дурасович әлемдік рейтингте 326-орынға жайғасқан. Сондай-ақ викингтер елінің құрамында 21 жастағы Лукас Хеллум Лилленген (әлемдік рейтингте 1302-орында тұр), 20 жастағы Герман Хойерал және 22 жастағы Симен Сунде Братхольм бар. Құрама капитаны – Андерс Хасет.

Ойындар кестесі: 4 наурыз күні екі жекелей кездесу өтеді. Матчтар елорда уақыты бойынша 23.00-де басталады. 5 наурызда теннисшілер жекелей және жұптық сында шеберлік байқасады. Бұл ойынның уақыты 19.00-ге жоспарланған.

ГРЕК-РИМ

ТҮРКИЯДА ТОҒЫЗ ЖҮЛДЕ АЛДЫҚ

Түркияның Ыстамбұл қаласында күрес түрлерінен өткен Яшар Доғу, Вэхби Эмре және Хамит Капланның мемориалын жерлестеріміз 9 жүлдемен қорытындылады.

Еліміздің грек-рим күресі шеберлері 1 алтын, 1 күміс және 3 қола медальді олжалағаны жайында біз бұған дейін жаздық. Осы нәтиженің арқасында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте төртінші орынға тұрақтады. Бұл жарыста жергілікті балуандардың қарқыны өте күшті болды. Түркия балуандары жеңіс тұғырының ең биік сатысына бес рет көтерілді. Екінші орындағы Өзбекстанда үш алтын бар.Үздік үштікті Әзербайжан қорытындылады.

Грек-рим күресінен өткен жарыстың жеңімпаздары 55 кило – Адем Бурак Узун (Түркия), 60 кило – Ернар Фидахметов (Қазақстан), 63 кило – Исломжон Бахрамов (Өзбекстан), 67 кило – Махмуд Бахшилоев (Өзбекстан), 72 кило – Селжук Кан (Түркия), 77 кило – Юнус Эмре Башар (Түркия), 82 кило – Бурхан Акбодак (Түркия), 87 кило – Ислам Аббасов (Әзербайжан), 97 кило – Руслан Ассақалов (Өзбекстан) және 130 кило – Ислам Йылдырым (Түркия).

Әйелдер күресінен өткен жарыста 72 кило салмақтағы Жәмила Бақбергенованың жарқын жеңісіне куә болдық. Былтыр Ослода әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған қазақ қызы Түркиядағы турнирде Еуропа біріншілігінің қола жүлдегері Данұте Домикайте (Литва), жасөспірімдердің Дүниежүзілік Олимпиадасының жүлдегері Гок Вахиде Нур (Түркия), Ярыгин Гранприінің жеңімпазы Ксения Буракова (Ресей) және әлем мен құрлық чемпионаттарының жүлдегері Анна Шелл (Германия) сынды кіл мықтыларды жеңіп, алтынның алқа тақты.

78 кило салмақта күрескен Гүлмарал Еркебаева да қола медальді иеленді. Жартылай финалда әлем және Еуропа чемпионатының жүлдегері Мартина Кюнцтан ұтылған ол үшінші орын үшін бәсекеде американдық Виктория Кристина Фрэнсистен айласын асырды.

Әйелдер күресінен өткен жарыстың жеңімпаздары

50 кило – Полина Лукина (Ресей),

53 кило – Болотуя Бат Очир (Моңғолия), 55 кило – Джакара Винчестер (АҚШ), 57 кило – Эвелина Николова (Болгария), 59 кило – Анастасия Нишита (Молдова), 62 кило – Це085ренчимед Сухее (Моңғолия), 65 кило – Феррест Молинари (АҚШ), 68 кило – Блессинг Оборудуду (Нигерия),

72 кило – Жәмила Бақбергенова (Қазақстан) және 76 кило – Айпери Медетқызы (Қырғызстан).

Еркін күрестен өткен турнирде алыптармен айқасқан үш балуанымыздың арасынан тек Юсуп Батырмурзаев қана ел сенімін ақтады. Шешуші тұста ресейлік Ацамаз Теблоевты тізе бүктірген отандасымыз қола медальді иеленсе, Олег Болтин мен Әлішер Ерғали қалың топтың арасында қалып қойды. 97 кило салмақтағы Мамед Ибрагимов та сол межеден көрінді. Үшінші орын үшін тартыста ол жергілікті спортшы Мустафа Сессизден басым түсті. Өкінішке қарай, өзге балуандарымыз тегістей ұтылды.

Еркін күрестен өткен жарыстың жеңімпаздары 57 кило – Алмас Сманбеков (Қырғызстан), 61 кило – Рави Кумар (Үндістан), 65 кило – Шамил Мамедов (Ресей), 70 кило – Амир Мухаммед Яздани (Иран), 74 кило – Сонер Демитрас (Түркия), 79 кило – Джордан Борроуз (АҚШ), 86 кило – Осман Гечен (Түркия), 92 кило – 97 кило Мухаммадхоссейн Мухаммадиан (Иран), Ахмед Юсуп Базригале (Иран) және 125 кило – Таха Акгюл (Түркия).

БОКС

Болгария астанасы – Софияда бокстан халықаралық «Странджа кубогы» жарысы мәресіне жетті. Биыл 73-ші мәрте ұйымдастырылған байрақты додада қазақстандық боксшылар да өнер көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді. Әлемнің 36 елінен келген 350-ге жуық (206 ер, 139 әйел) былғары қолғап шебері бақ сынаған бәсекеде еліміздің ерлер және әйелдер құрамасы жалпы саны 17 жүлде (4 алтын, 4 күміс және 9 қола) жеңіп алды.

БОЛГАРИЯДАН ТӨРТ АЛТЫНМЕН ОРАЛДЫ

Бокстан «кіші әлем чемпионаты» атанып кеткен Болгариядағы турнирде Қазақстан ерлер құрамасынан Махмұд Сабырхан (54 кг) мен Сағындық Тоғамбай (86 кг) топ жарса, әйелдер бәсекесінде Назым Қызайбай (50 кг) мен Валентина Хальзова (70 кг) алтыннан алқа тақты.

Турнир ережесі бойынша биылдан бастап финалдық бәсекелер екі күнге жалғасты. Жарыстың бірінші күнгі финалында әйелдер арасындағы екі дүркін әлем чемпионы, былтырғы Азия біріншілігінің жеңімпазы Назым Қызайбай бұл жолғы бәсекеде де қарсылас шақ келтірмеді. Финалда 2019 жылғы Африка ойындарының жеңімпазы, Алжир құрамасы сапында Токио Олимпиадасына қатысқан тұңғыш әйел боксшы Румайса Буалеммен кездесті. Үш раундқа жалғасқан жекпе-жекте төрешілердің бірауыз шешімімен қазақ қызы жеңімпаз атанып, Софияда Әнұранымыз шырқалды.

Екінші күнгі финалда Махмұд Сабырхан, Сағындық Тоғамбай және Валентина Хальзова сынды тәжірибелі боксшыларымыз бақ сынап, үшеуі де тұғырдың биік сатысынан көрінді. Былтырғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері М.Сабырхан финалда 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы Еуропа чемпионатында қола жүлде алған жергілікті боксшы Ясен Радевпен жұдырықтасуы тиіс еді. Алайда қарсыласы жарақатына байланысты рингке шықпады. Сөйтіп Махмұд ел қоржынына екінші алтын жүлдені салды.

Қыздар арасында сынға түскен Валентина Хальзова финалда ресейлік Галина Головченкоға еш мүмкіндік қалдырмай, халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды.

Қазақстандық боксшылардың қатысуымен өткен финалдың нүктесін Сағындық Тоғамбай қойды. 86 килода жұдырықтасатын отандасымыз финалда Украинаның үш дүркін чемпионы Сергей Горсковпен кездесіп, 5:0 есебімен айқын жеңіске жетті.

Ал финалда өнер көрсеткен тағы төрт боксшымыз қарсыластарына есе жіберіп, халықаралық жарыстың күміс жүлдегерлері атанды. Атап айтқанда, Дамир Әбдіқадыр (51 кг), Дулат Бекбауов (67 кг), Дина Жоламан (54 кг) және Ләззат Күнгейбаева (+81 кг) финалда сүрінді. Ал Санжар Тәшкенбай (48 кг), Тимур Қабдешов (51 кг), Абзал Серік (63,5 кг), Абзал Құттыбеков (92 кг), Нұрлан Сапарбай (+92 кг), Римма Волосенко (60 кг), Дариға Шәкімова (66 кг), Надежда Рябец (75 кг) пен Анастасия Баязитова (81 кг) қола жүлде иеленді.

Софиядағы жарыстың жалпыкомандалық есебінде Қазақстан құрамасы 17 жүлдемен 3-орынға тұрақтады. Ал 6 алтын және 1 қола жүлдеге қол жеткізген Өзбекстан боксшылары көш бастады. 5 алтын, 5 күміс және 11 қола жүлдесі бар Ресей 2-орынға табан тіресе, жарыс қожайындары 3 алтын, 4 күміс және 5 қоламен 4-орынды қанағат тұтты. Сонымен қатар 2 алтын, 1 қола медаль олжалаған Үндістан құрамасы үздік бестікті түйіндеді.

Айта кетейік, Халықаралық бокс федерациясы (IBA) Софияда үздік шыққан саңлақтарды алғаш рет қаржылай сыйлықпен марапаттады. Атап айтқанда, «Странджа кубогының» жеңімпазына – 4 мың, күміс жүлдегеріне – 2 мың және қолаға қол жеткізгендерге 1 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы берді.

ВЕЛОСПОРТ

ҚЫСҚЫ БІРІНШІЛІК МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

ӨТКЕН АПТАДА ЕЛОРДАДАҒЫ «САРЫАРҚА» СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ТРЕКТЕГІ ВЕЛОСПОРТТЫҢ ТЕМПТІК ЖӘНЕ СПРИНТТІК ТҮРЛЕРІНЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫСҚЫ ЕЛ БІРІНШІЛІГІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Биылғы Қазақстан чемпионатында еліміздің 13 аймағынан келген 152 спортшы бақ сынады. Нәтижелерге тоқталар болсақ, кейрин бойынша ерлер арасында Андрей Чугай топ жарса, спринтте Сергей Пономарев чемпион атанды. Мэдисоннан топтық жарыста Светлана Пащенко мен Анжела Соловьева жеңіске жетті. Ал ерлер бәсекесінде Рамис Дінмұхамедов пен Дмитрий Потапенко көш бастады.

Із кесуден командалық жарыста Рамис Дінмұхамедов, Әлішер Жұмақан, Дмитрий Носков және Дмитрий Потапенко Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алды. Әйелдер арасында Бота Батырбекова, Вероника Мыркина, Светлана Пащенко, Фаина Потапова алтын жүлдегер атанды. Із кесуден жекелей сында Әлішер Жұмақан жеңіске жетсе, әйелдер арасында Марина Кузьминаға тең келер ешкім болған жоқ.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

ҚОЛӨНЕРДІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Бүгінде тоқыма өнері қайта жаңарып, сәнге айналуда. Дей тұрғанмен, қолөнердің бұл түрімен шұғылданатындар саусақпен санарлық қана. Ал «Мейірім» шығармашылық орталығында осындай сәндік-қолданбалы өнерге баулитын үйірменің жұмыс істеп тұрғаны көңіл қуантады.

Тоқыма өнері – қазақ халқының ежелден келетін қолөнер саласының бірі. Бұл өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялату да үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Кәсіби дарын, ізденімпаздық, іскерлік, қолдың ептілігін талап ететін өнерді үйренудің де өз машақаты бар.

Өз ісінің нағыз шебері, орталықтың балаларына пайдалы ілім беріп, білімді өнермен ұштастырып жүрген жанның бірі – Гүлден ОМАРОВА.

Еңбек ауылындағы «Мейірім» шығармашылық орталығында «Тоқыма өнері» үйірмесінен сабақ беретін Гүлден ұстаз жоғарғы оқу орнын және магистратураны «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша тәмәмдады.

Ал, тоқыма өнеріне жүре-бара қызығушылығы пайда болған. Өзі айтқандай, бұл оның үйреніп әрі айналысып жүрген хоббиі.

– *«Кез келгеннің бойында өзі білмейтін немесе білетін қыры болады. Әркімнің әр түрлі нәрсеге икемі болуы мүмкін. Бірі өлең шығарса, бірі ән айтады, енді бірі суретті жақсы салуы мүмкін. Ал маған берілген бақ – осы тоқыма өнері деп ойлаймын. Мен оны ғаламтор желісінен қарап үйрендім. Алғашында тоқып бастағанда бірден әдемі болып шыққан жоқ. Алайда алған бетімнен қайтпай, қолымды үйрете бердім. Осылай шағын дүниелерден үлкен деңгейге жеттім. Буны өзімнің ерекше қабілетім шығар деп ойлаймын және оны мақтан етемін»* , - дейді ол.

Расима

Ашылғанына небәрі бір ай ғана болған үйірмеге 7 жастан 14 жасқа дейінгі 16 қыз қатысады. Олардың әрбірі қызығушылықтарын арттырып, осы өнерді бойларына сіңіріп, өздерінің игіліктеріне жаратқысы келеді.

Гүлден Бекболатқызының сөзінше, тоқыманы өз бетімен үйреніп, кейіннен осы салаға байланысты курстардан өтіп, түрлі сертификаттар алған. Алайда мұғалім болып кетемін деп мүлдем ойламапты.

«Негізінде бұл орталыққа екі қызымды апарып жүріп, оның жетекшісі Гүлмира Қуанышқызына өзімнің де қолөнерден кенде еместігімді айттым. Әрі балаларға осы өнерді үйретсем деп ұсыныс білдірдім. Гүлмира апай ойланып көрейік деп, арада біраз уақыттан кейін І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Шеберлікті шыңдау» курсы болады соған қатысып көресіз бе деді. Мен бірден келісе кеттім, аталған курстан өтіп, сертификат алдым және одан бөлек онлайн форматта да курстардан дәріс алдым. Сонымен ақырындап тоқыма үйірмесін ашу жұмыстары қолға алынды. Қазір, міне, жұмысымыз ақырындап алға жылжуда.

Томирис

«Садақаның ең жақсысы – ілім үйреніп, оны басқаларға үйрету» деген ғой, менің де үлесім осы балаларға тисе екен деп ойлаймын», – деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

Аптасына екі мәрте, екі ауысыммен болатын үйірмеге қолөнер ұстазы қаладан қатынап сабақ оқытады. Алайда мұның оған еш қиындық тудырмайтынын, ең бастысы балаларға пайдалы дүние үйретіп жүргеніне қуанышты екенін айтты.

«Тоқыма өнері» үйірмесі әзірге тек Еңбек ауылында ғана оқытылады. Сол жердің тұрғындары «бізге қолөнер үйірмесі керек, бізде ашылсын, балаларымызды үйірмеге қатыстырайықшы» деген ұсыныстарынан кейін ашылған. Қазір қаланың өзінен де осы үйірмеге қызығушылық танытып отырған жандар көп екен.

Бүгінде үйірмеде қызу жұмыс жүріп жатыр. Қыздардың барлығы бір-бірімен жарыса отырып, тоқымадан түрлі бұйымдар жасау үстінде. Алда келе жатқан 8 наурыз мейрамына орай әрқайсысы аналарына өз қолдарынан сыйлық дайындап жанталасуда. Үйірмеге қатысушы қыздардың ең кішкенесі – Расима Алтай. Оның жасы жетіде. Бірақ, оның жасап жатқан бұйымдары өзінен жасы үлкен қыздардан кем емес. Кішкене ғана епті қолдары сусылдап, жіп пен бізді ұршықша иіреді. Өзін жан-жақты қырынан көрсетіп жүрген Расима мектептеде оқу озаты.

Әнші боламын деген арманның жетегінде келетін Томирис Ислам да осы үйірменің шебер шәкірттерінің бірі. 11 жастағы Томирис тоқымаға бұрыннан қызығушылығы артып жүргенінің жасырмады.

Балжан

«Тоқыма үйрену алғашқыда түсініксіз болды. Қалай айналдырып шығатынын, санап отырып тоқу керектігін ұмытып қалып, апайдан көмек сұрайтынмын. Ұстазымыз әрқайсымызға жақсылап түсіндіріп береді. Кейіннен оның математика сабағымен де байланысы бар екенін түсіндік. Бір жақсысы тоқымадан түрлі заттар жасауға болады. Мерекеге орай анамызға шәугім мен шәйнек астына қоятын бұйым тоқып жатырмыз. Күн жылынып келеді. Өзіме көктемде-жазда ұстап жүретін сөмке тоқып алғым келеді. Жылдың әр мезгілінде тоқымадан жасайтын зат табылады. Мәселен, күн суытқанда бас киім мен шарф, қалың жакеттер жасап алуымызға болады. Сол үшін бұл қолөнер түрі маған ұнайды», – дейді Томирис.

Сонымен қатар ол «Вокал» және «Домбыра» үйірмесіне барады. Бір үйірмеге ауылдағы орталыққа барса, екіншісін үйренуге қалаға барады. Ол бос уақытында кітап оқып, сурет салумен айналысқанды да жаны сүйеді.

«Тоқыма» үйірмесі шәкірттерінің сөзінше Гүлден Омарованың сабақтары әрдайым қызықты өтеді.

«Тоқыма өнері үйірмесі жайлы мектепте ұстазымыз хабарлаған болатын. Осындай үйірме ашылайын деп жатыр, кім қатысады деп. Сол уақытта тізімге бірден жазылдым. Себебі, бұл үйірменің менің болашақ арманыма қатысы бар секілді сезілді. Оны тезірек үйренгім келді. Мен бос уақытымда сурет саламын. Киім үлгілерін сызып, олардың суретін салып, түрлі-түске бояп отырғанды жақсы көремін. Және болашақта дизайнер болғым келеді. Өз брендімды қалыптастырып, көптеген киім үлгісін ойлап тапқым келеді», – дейді Балжан Серікқали.

Әр баланы шеберлікке шыңдаған Гүлден Бекболатқызы тоқымамен айналысқанда адам жеке басына қажет нәрсені тоқып қана қоймай, оны жасау үстінде түрлі-түсті бояулардың үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, әдіс-тәсілдерді меңгеруі адамның талғамын, шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады екен. Айтуынша, нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық және білім қажет.

Иә, қанша ғасырдан бері жасап келетін қазақтың қолөнерін бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіруге барынша үлес қосып келетін Гүлден Омарованың еңбегі ерен-ақ. Осындай ұстаздар барда тоқыма өнері маңызын жоғалтпақ емес. Әрі, бұл қолөнер түрі жас жеткіншек қыздарға үлкен пайдасын тигізері анық. Қыз бала – келешек ана. Қазір үйреніп жатқан істерін болашақта өздерінің игіліктеріне жаратары сөзсіз.

Дайындаған: А. НҰРЖАПАР.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ
Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.
Таралымы 2500
Тапсырыс № 227
Индекс 15534